# "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

## *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы N 1176 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 960 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2020 № 960 қаулысымен.

"Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы

Заңын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасындағы қару мен оның патрондары айналымының ережесі;

2) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 04.02.2016 № 53 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі);

3) күші жойылды – ҚР Үкіметінің 24.06.2019 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 04.02.2016 № 53 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі);

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.02.2016 № 53 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 24.06.2019 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымына мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру мен оны жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі жарақат салатын тегіс ұзын ұңғылы атыс, ұңғысыз атыс және газ қаруларының патрондарына медициналық-биологиялық және химиялық-аналитикалық сынақтар жүргізілуін қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша бір айлық мерзімде, " Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген рұқсаттарды бергені үшін бір

жолғы алым мөлшерлерін бекіту туралы, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын енгізсін.

5. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі бір айлық мерзімде, өзін-өзі қорғау - жарақат салатын патрондары бар тегіс ұзын ұңғылы атыс, жарақат салатын, газбен және сәулемен, дыбыспен әсер ететін патрондары бар ұңғысыз атыс қаруының зақымдағыш факторларының адамға әсер етуінің рұқсат етілетін нормаларын әзірлесін және бекітсін.

6. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 3 тамыздағы
N 1176 қаулысымен
бекітілген

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚАРУ МЕН ОНЫҢ ПАТРОНДАРЫ АЙНАЛЫМЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

## 1. Жалпы ережелер

Ескерту. Мәтіндегі "Астана қаласының ІІБ, Алматы қаласының ІІББ", " Астана қаласы ІІБ, Алматы қаласы ІІББ" деген сөздер "Астана және Алматы қалаларының ІІББ" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2003.11.11. N 1127 қаулысымен.

Ескерту. Мәтіндегі "мемлекеттік өртке қарсы қызмет, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары мен мекемелерінің", деген сөздер "өртке қарсы қызмет, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 662 қаулысымен.

Ескерту. Мәтіндегі "үш жыл" деген сөздер "бес жыл" деген сөздермен, " немесе нашақорлыққа" деген сөздер ", нашақорлыққа немесе уытқұмарлыққа" деген сөздермен, "аңшылық билетке", "аңшылық билетіне", "аңшылық билетінде ", "аңшылық билетті", "аңшылық билетінсіз", "аңшылық билеті" деген сөздер тиісінше "аңшылық куәлікке", "аңшылық куәлігіне", "аңшылық куәлігінде", "

аңшылық куәлікті", "аңшылық куәлігінсіз", "аңшылық куәлігі" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2007.12.29. N 1370 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Осы Ереже "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қару мен оның патрондарын өндіруді, сатуды (саудасы), беруді, сыйға тартуды, марапаттауды, мұраға ие болуды, сатып алуды, коллекциялауды, экспонаттауды, есепке алуды, сақтауды, алып жүруді, тасымалдауды, пайдалануды, алып қоюды, жоюды, Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуді қоса алғандағы, айналымын реттейді.

## 2. Қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алу құқығына лицензия берудің шарттары мен тәртібі

Ескерту. 2-тарау алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.08.13. N 692 (ресми жарияланған күннен бастап жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 2-1. Заңды тұлғалардың азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алу тәртібі

Ескерту. Ереже 2-1-тараумен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 909 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"3-1. Ұйымдардың өздеріне заңнамада жүктелген және олардың жарғыларында (ережелерінде) көзделген азаматтардың өмірі мен денсаулығын, меншігін қорғау бойынша, қоршаған орта объектілері мен табиғи ресурстарды, құнды және қауіпті жүктерді, арнайы хат-хабарларды күзету бойынша жүктелген міндеттерді жүзеге асыру кезінде пайдалануына арналған қару мен оның патрондары жеткізуші заңды тұлғалардан ішкі істер органдарында оны сатып алуға рұқсат алған соң сатып алынуы мүмкін.

3-2. Заңды тұлғаға қару мен оның патрондарын сатып алуға арналған рұқсатты ресімдеу үшін мыналар болуы қажет:

1) мыналарды:

толық сауалнамалық деректермен бірге, қаруға рұқсаты бар адамдар туралы мәліметтер, техникалық нығайту талаптарына сай келетін және осы Ереженің 7-9 -тармақтарында жазылған талаптарға сәйкес өрт-күзет дабылдары құралдарымен жабдықталған қару мен оның патрондарын сақтау және (немесе) сату үшін арнайы жабдықталған үй-жайлардың кадастрлық нөмірі көрсетілген заңды тұлғаның сатып алуға рұқсат алуға арналған өтініш;

2) техникалық нығайту талаптарына сай келетін және осы Ереженің 7-9-тармақтарында жазылған талаптарға сәйкес өрт-күзет дабылдары құралдарымен жабдықталған қару мен оның патрондарын сақтау және (немесе) сату үшін арнайы жабдықталған үй-жайларды жалға алу шартының көшірмесі;

3) қаруға рұқсаты бар адамдардың қаруды иеленуге қарсы көрсетілімдердің жоқтығы туралы медициналық қорытынды;

4) қаруға рұқсаты бар адамдардың қаруды қауіпсіз пайдалану қағидаларын білетіндігін тексеру туралы анықтама;

5) қару мен оның патрондарын сатып алуға және сақтауға жауапты адамды тағайындау туралы бұйрық;

6) жеткізілетін қару мен оқ-дәрілердің нақты түрлері мен модельдерін және олардың санын көрсете отырып, қару және (немесе) оның патрондарын жеткізуге немесе сатып алуға арналған шарт (келісімшарт) (қаруды әкелуді жүзеге асыратын заңды тұлғалар үшін) не қару мен оның патрондарын сатып алу-сату шарты (келісімшарты) (Қазақстан Республикасының аумағында қару саудасын жүзеге асыратын заңды тұлғалар үшін);

7) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның жарақат салатын әсері бар патрондары бар қарудың және электр қаруының көрсетілген қарудың зақымдағыш факторларының адамға тигізетін жол берілген әсерінің белгіленген нормаларына сәйкестігі туралы қорытынды (қаруды сатуды жүзеге асыратын ұйым оны сатып алуға ниет білдірген кезде);

8) осы Ережеге 17-қосымшаға сәйкес аумақтық ішкі істер департаменттерімен (тегіс ұңғылы қару үшін) және (немесе) Ішкі істер министрлігімен (ойық қару үшін) келісілген қару мен оның патрондарының қолда бар және қажетті саны туралы мәліметтер бланкілері (ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғалар үшін).

Полицияның жауапты қызметкері "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабына сәйкес өтініште ұсынылған қару мен оның патрондарына рұқсаты бар адамдарда соттылығының жоқтығы, қару мен оның патрондарын сақтауға және (немесе) сатуға арналған үй-жайлардың және қару мен оның патрондарын сатып алу құқығының болуы туралы мәліметтерді мемлекеттік ақпараттық жүйелермен салыстыра тексеруді жүзеге асырады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар болғанда және өтініштегі мәліметтерде көрсетілген ақпараттар мемлекеттік ақпараттық жүйемен сәйкес келген кезде заңды тұлғаға азаматтық және қызметтік қаруды сатып алуға рұқсат беріледі.

## 3. Қызметтік қару мен оның патрондарын сақтаудың тәртібі

4. Заңды тұлға қаруды сатып алған күннен бастап 7 күннің ішінде осы Ережеге 11-қосымшаға сәйкес оны сақтауға ішкі істер органынан рұқсат алады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.11.07. N 1301 ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

5. Қаруды тіркеу кезінде ішкі істер органы қаруды сатып алудың заңдылығын растайтын құжаттар негізінде бес жыл мерзімге осы қаруды сақтауға рұқсат береді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.11.14 № 1198 ( 21.11.2014 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Қаруды сақтауға рұқсат беру үшін:

сатып алынған қарудың саны (әр бірліктің түрі, үлгісі, моделі, жүйесі, калибрі , нөмірі, шығарылған жылы) туралы;

қаруды сақтау мен пайдалануға жауапты адам, сондай-ақ қаруды алуға рұқсаты бар адамдар, оның ішінде күзет қызметкерлері туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты, туған күні мен жері), денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген қару ұстауға қарсылық жоқ екені туралы медициналық қорытынды, қаруды қауіпсіз ұстаудың ережелерін білетіндігін тексеру туралы және сотталмағандығы туралы анықтамалар көрсетілетін ұйым басшысының өтініші негіз болып табылады.

Өтінішке ұйым басшысының қару мен оның патрондарының сақталуы үшін жауапты адамды (адамдарды) тағайындау туралы бұйрығының көшірмесі қоса тіркеледі.

Қаруды сақтауға арналған жаңа объект ашылған кезде өтінішке ішкі істер органдарының, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының өкілдері жасаған қару сақтауға арналған үй-жайдың жарамдылығы актілері қоса тіркеледі.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30 N 662, 2008.11.18 N 1068, 2011.07.01 № 751 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2014.11.14 № 1198 ( 21.11.2014 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

7. Қызметтік қару мен оның патрондары арнайы жабдықталған қоймада сақталады, ол мынадай талаптарға сай болуы тиіс:

1) басқа қосалқы, қызметтік үй-жайлардан оқшау болуы керек, қабырғалары қалың, төбе жабулары мен едені берік болуы тиіс. Ішкі қабырғалары ( қоршаулары) беріктігі жағынан арасына болат тор өткізілген, әрқайсысының қалыңдығы 80 мм қосарланған гипсобетонды панельдерге немесе металл тормен

арматураланған, қалыңдығы кемінде 120 мм кірпіш қабырғаға тең болуы керек. Бұрын салынған ғимараттарда болат торлармен күшейтілген тақтай қоршаулар жасауға рұқсат етіледі;

2) екі есігі болуы керек, бұл ретте сыртқысы - қаңылтырдың шеттері есіктің жақтауына қайтарылып, екі жағы мырышты болат қаңылтырмен сомдалған, қалыңдығы кемінде 40 мм бір қабат тақтайдан, ал ішкісі - болат тордан жасалады .

Сыртқы есік екі ішкі құлыппен жабылып, мөр немесе пломбы басылуы тиіс, ішкі торлы есік - ішкі немесе аспалы құлыппен жабылады.

Қару-жарақ бөлмесі есігінің ойығы (есіктің қорабы) болат жиекпен жақтауланады. Бұрын салынған үй-жайларда көлемі 30х40 мм-ден, қалыңдығы 5 мм-ден кем болмайтын, қабырғаға диаметрі 10-12 мм арматуралы болат шегемен он жерден қағылған бұрыштама темірмен күшейтілген ағаш қораптарға рұқсат беріледі;

3) үй-жайдың ішкі жағындағы терезе ойықтарында немесе жақтауларының арасында болат тор жүргізіледі. Бірінші қабатта орналасқан бөлмелерде терезелері ішкі жағынан металл немесе екі жағынан мырышты болатпен қапталған ағаш қақпақпен жабдықталады. Торлардың ұшы қабырғаға кемінде 80 мм тереңдікке дейін қағылып және бетон құйып бекітіледі. Терезенің қақпақтары аспалы құлыппен жабылуы керек.

Есік, терезе ойықтарына және қабырғаны нығайту үшін тартылатын торлар диаметрі кемінде 15 мм болат шыбықтан жасалады. Шыбықтардың тор көздері кемінде 150х150 мм-ден айқастырылып дәнекерленеді;

4) екі және одан көп күзет-өрт белгі беру құралдарымен жабдықталады, ол электр қуатымен қамтамасыз ету қалқанына жасырын сым тарту арқылы орындалады, терезелерге, есіктерге, люктерге, қабырғаларға, төбеге, еденге қару мен патрондар сақталатын сейфтерді, шкафтарды ашқанда немесе бұзғанда, сондай-ақ бөлменің ішінде адам жүргенде іске қосылатын хабарлағыштар орнатылады. Бұл үй-жайлар кезекші бөлімдеріндегі шығарылатын жұмыс орындары бар оператор-фирмалардың ішкі істер органдары күзет бөлімшелерінің күзетуіне беріліп, белгіленген тәртіппен белгі беру құралдарының орталықтандырылған бақылау пультіне қосылады. Күзету белгі беру құралдарының шлейфін темірбетонды және бетонды құрылыс конструкциялары бойынша тек қана бөлме ішінде құбырмен жүргізуге рұқсат етіледі;

5) желдеткіш терезе, люк болған жағдайда, оларға бұл жүйелер арқылы өту мүмкіндігін болдырмайтын көлемі 100х100 мм-ден аспайтын тор көздері бар болат тор орнатылады. Инженерлік желілерді тартуға арналған қабырғалардағы тесіктердің диаметрі 200 мм-ден аспауы керек;

6) қару мен патрондар сақтайтын бөлмеде өртке қарсы құралдар, мүліктердің тізімдемесі болуы тиіс, онда шкафтардың, металл жәшіктердің саны, олардың нөмірлері және қандай мөр басылғаны көрсетіледі;

7) қару мен оның патрондары бар қару-жарақ бөлмесі және металл шкафтар ( сейфтер) кілттерінің екі жинағы болуы тиіс.

Кілттердің бір жинағы қару мен оның патрондарын сақтауға жауапты адамда, екіншісі - атына сақтау рұқсаты берілген ұйым басшысының мөрленген сауытында ұдайы сақталады.

Қару-жарақ бөлмесінің, қару мен патрондар бар металл шкафтардың, сейфтердің кілттерін столдарда және бөгде адамдардың қолы жететін өзге де жерлерде қалдыруға тыйым салынады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.12.29. N 1370 ( ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

8. Қару мен патрондар қабырғасының қалыңдығы кемінде 3 мм, ішкі құлыптары (кемінде екі) берік жабылатын металл шкафтарда (сейфтерде) сақталуы керек. Шкафтардың есіктері мықты болу үшін болат бастырмамен немесе бұрыштамалармен нығайтылады. Қаруды жөндеу шеберханаларында қаруды сақтауды қоспағанда, шкафтардың есіктерінің ішкі жағында нөмірлері бойынша оның тізімдемесі болуы тиіс. Қаруды бір ішкі құлпы бар, салмағы кемінде 700 кг ауыр сейфтерде сақтауға болады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.12.29. N 1370 ( ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

9. Қарумен және патрондармен бірге қару-жарақ бөлмесінің темір тормен бөлінген бөлігінде сақтауға болатын пневматикалық қару, арнаулы құралдар, радиостанциялар мен дозиметриялық аспаптарды қоспағанда, басқа бұйымдарды сақтауға тыйым салынады. Қарудың патрондары қарудан бөлек металл жәшікте, шкафта сақталуы тиіс.

Сүрту материалдары, май және сілтілер, қаруды тазалау мен майлауға арналған бұйымдар қару мен патрондардан бөлек, ол үшін арнайы бөлінген жерде сақталады.

10. Банк басқармаларында, бөлімшелерінде, филиалдарында қару мен патрондар темір-бетонды қоймаларда сақталады. Қоймалар болмаған жағдайда қару мен оның патрондарын (орталықтандырылған бақылау пультіне шығарылған күзету белгі беру құралдары болған жағдайда) ішкі немесе жапсырма темір-бетон шкафтарда (кассаларда) немесе салмағы кемінде 700 кг ауыр сейфтерде сақтауға рұқсат етіледі. Байланыс тораптарында, фельдъегерлік қызметтерде, арнайы байланыс бөлімшелерінде, автономиялық күзету белгі беру

құралдары мен салмағы кемінде 700 кг ауыр сейфтер болған жағдайда қару мен патрондарды сақтауға рұқсат етіледі.

11. Қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға арналған үй-жай болмаған жағдайда ұйымдарға орталықтандырылған сақтау пунктттері жабдықтарын пайдалануға рұқсат етіледі. Мұндай пункттер "Динамо" дене тәрбиесі-спорт қоғамының базасында, жеке күзет ұйымдарында шарттық негізде құрылуы мүмкін. Орталықтандырылған сақтау пунктінде қару мен патрондар осы Ереженің 7-9-тармақтарында белгіленген тәртіппен сақталады. Қаруды орталықтандырылған сақтау пунктіне тапсыру акт бойынша ресімделеді. Онда қару мен оның патрондарын сақтайтын әрбір ұйым үшін жеке металл шкафтар немесе бокстар бөлінуі тиіс.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.12.29. N 1370 ( ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

12. Әскерилендірілген күзет жасақтарында (командаларында) атыс қаруы мен патрондар (оның ішінде азайтылмайтын қор) осы Ереженің 7-9-тармақтарында жазылған талаптарға сәйкес сақталады.

Қару-жарақ бөлмесін орталықтандырылған бақылау пультіне шығатын дабыл белгісімен жабдықтау мүмкін болмаған жағдайда оның қабырғаларына, төбесіне, терезелеріне хабарлағыштар орнатылып, қарауыл үй-жайынан (күзет қосынан) басқа жақын жердегі қарулы қосқа да шығарылған жеке дабыл белгісімен жабдықталады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 751 ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

13. Оқу мақсатында (практикалық атыстар), спорт жарыстарында немесе қызмет өткеру уақытында қару қолдану нәтижесінде жұмсалған, сондай-ақ жоғалған патрондар акт бойынша есептен шығарылады, оған тарату-тапсыру ведомосы, ал қажет болған жағдайда, қаруды қолдану немесе патрондарды жоғалту себептері туралы қызметтік тексеру материалдары қоса тіркеледі. Акт атыс жүргізілген кейінгі келесі күннен кешіктірілмей жасалады, оны ұйым басшысы бекітеді және қаруды сақтауға жауапты адамда сақталады. Қаруды есепке алу кітабында патрондарды есептен шығару туралы тиісті белгілер қойылады.

14. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2014.11.14 № 1198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа кейін енгізіледі) қаулысымен.

15. Ішкі істер органдарымен келісу бойынша қызметтік ойық және тегіс ұңғылы қару (карабиндер, винтовкалар, тапаншалар, револьверлер, мылтықтар)

мен оның патрондарын мемлекеттік орман қоры учаскелерін және жануарлар әлемі объектілерін тікелей күзетуді, қорғауды жүзеге асыратын орманды күзету және қорғау инженерлерінің, орманшылардың, орман шеберлерінің, орман күтушілерінің, мемлекеттік инспекторлардың (қорықшылардың), аңшылық мамандарының, инспекторлардың, аңшылық және балық шаруашылықтары қорықшыларының тұрғылықты жерлерінде сақтауға болады.

Бұл ретте атыс қаруы осы Ереженің 91-тармағының талаптарына сәйкес сақталады.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерін және жануарлар әлемі объектілерін тікелей күзетуді, қорғауды жүзеге асыратын орманды күзету және қорғау инженері, орманшы, орман шебері, орман күтушісі, мемлекеттік инспектор ( қорықшы), аңшылық маманы, инспектор, аңшылық және балық шаруашылықтарының қорықшысы ұзақ уақыт (он күннен астам) болмаған кезеңде (іссапар, демалыс, емделу, әскери қызмет өткеру) қару осы қаруды сақтауға рұқсат берілген ұйымның қару-жарақ бөлмесіне тапсырылады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.05.2017 № 260 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## 4. Қызметтік қару мен оның патрондарын есепке алудың тәртібі

16. Қаруды сақтайтын және пайдаланатын ұйымдарда қызметтік қару мен оның патрондарын есепке алу осы Ережеге 18-қосымшаға сәйкес қаруды сақтайтын және пайдаланатын ұйымдарда қару мен оның патрондарын есепке алу кітабында және осы Ережеге 19-қосымшаға сәйкес қару мен оның патрондарын беру және қабылдау журналында жүргізіледі, олар нөмірленеді, тігіледі және аумақтық ішкі істер органының "Лицензиялық-рұқсат жүйесі" деген бедері бар арнайы мөрі басылады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.05.2017 № 260 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

17. Ұйымдар бұдан әрі пайдалануға жарамсыз қызметтік қару мен оның патрондарын облыстардың, Алматы, Астана қалаларының және Көліктегі ішкі істер департаменттері (бұдан әрі - ІІД (К) шаруашылық бөлімдерінің қоймаларына одан әрі жою үшін тапсырылады. Жою тәртібін қару айналымын бақылау саласындағы өкілетті орган анықтайды.

Ескерту. Қарудың пайдалануға жарамдылығын ішкі істер органдарының аталған бөлімшелерінің техникалық комиссиялары анықтайды.

Ұйымдарға тиесілі басы артық, бірақ бұдан әрі пайдалануға жарамды қызметтік қару мен оның патрондары тек қана оны сақтауға рұқсат берген ішкі істер органының рұқсаты (жолдамасы) бойынша басқа ұйымдарға беріледі немесе сатылады.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.12.29. N 1370 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

18. Қару мен оның патрондарын есепке алудың, сақтаудың және дұрыс пайдаланудың жай-күйіне ұйым басшылары, ал әскерилендірілген күзет жасақтарында - жасақ (бөлімше) бастықтары жауапты болады, олар қару немесе оның патрондары ұрланған немесе жоғалған жағдайларда ол туралы аумақтық ішкі істер органдарына дереу хабарлауға және оларды іздестіру шараларын қолдануға міндетті.

19. Ойық ұңғылы қызметтік атыс қаруы міндетті түрде тексеру атысынан өтуі тиіс. Атылған оқтар мен гильзалар ІІД, (К) қару-жарақ қызметтерінде сақталады.

Тексеру атысын ішкі істер органдары жүргізеді, атыстың қайталану кезеңі - 5 жылда бір рет. Оларды өткізу үшін ұйым қару-жарақты атыс орнына тасымалдауды қамтамасыз етеді.

Жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның патрондарын, сондай-ақ суық қаруды сақтау, есепке алу және пайдаланудың тәртібі заңнамаға сәйкес айқындалады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.12.29. N 1370 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 5. Қызметтік қару мен оның патрондарын берудің тәртібі

20. "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 2) – 8), 11) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар қайта ұйымдастырылған немесе таратылған кезде азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын оларды сатып алуға рұқсаттары бар субъектілерге бере алады.

Қару немесе патрондарды берген заңды тұлғалар бұл туралы қару есепте тұрған ішкі істер органына берілген қарудың санын, әрбір бірлігінің маркасын, калибрі мен нөмірін, патрондардың санын, маркасын, калибрін көрсете отырып, жеті күн мерзімде жазбаша хабарлайды. Хабарламаға қайта ресімдеу үшін қаруды сақтауға рұқсаты, сондай-ақ оның негізінде беру жүзеге асырылған құжаттар қоса беріледі.

Ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғалар, күзет қызметінің субъектілері ішкі істер органдарымен келісу бойынша өздерінің балансындағы

азаматтық және қызметтік қаруды аумақтық тиесілігіне қарамастан, өздерінің филиалдарына, өкілдіктеріне (бұдан әрі – филиалдар, өкілдіктер) бере алады.

Филиалдар мен өкілдіктердің қаруды сақтауы осы Ереженің 3-бөлімінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қаруды сақтауға рұқсат беру және оны филиалға және өкілдікке тіркеу үшін заңды тұлға осы Ережеге 17-қосымшаға сәйкес қару мен оның патрондарының қолда бар және қажетті саны туралы мәліметтердің толтырылған бланкін ішкі істер органына келісу үшін ұсынады. Филиал мен өкілдіктің азаматтық және қызметтік қаруды сатып алуға рұқсат алуы талап етілмейді.

Қаруды тіркеген ішкі істер органының қызмет көрсету аумағынан тыс қызметті жүзеге асыру үшін қызметтік қаруды уақытша әкетуді заңды тұлға қаруды әкету орны бойынша тіркеусіз және қару мен оның патрондарының қолда бар және қажетті санын келісусіз жүзеге асырады.

Бұл ретте заңды тұлға осы Ереженің 3-бөліміне сәйкес қызметтік қару мен оның патрондарын сақтау бойынша талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді.

Қызметтік қаруды сақтауға және алып жүруге рұқсаттарды беруді оны тіркеген ішкі істер органы жүзеге асырады.

Республикалық спорт ұйымдары ішкі істер органдарымен келісу бойынша өздерінің балансындағы спорттық қаруды өңірлік спорт ұйымдарына бере алады.

Бұл ретте өңірлік спорт ұйымдары аумақтық ішкі істер органында азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсат алады.

Басқа жағдайларда азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары олардың ведомстволық тиесілігіне қарамастан, оны бір заңды тұлғадан екіншісіне беру мақсатында ішкі істер органының жолдамасы бойынша қару сататын мамандандырылған дүкен арқылы сатылады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.05.2017 № 260 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

21. Ұйым басшылары ұйымның (ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғалардың) штат қызметкерлеріне өз функцияларын атқару кезеңінде қару береді. Қару қызметкерлерге тиісті дайындықтан өткеннен кейін беріледі. Бұл қызметкерлер атыс қаруын қолданумен байланысты жағдайлардағы іс-әрекетке жарамдылығы бойынша мезгіл-мезгіл тексеруден өтіп отыруға міндетті және ішкі істер органдарының қызметтік қаруды сақтауға және алып жүруге берген рұқсаты болуы керек.

## 6. Қызметтік қару мен оның патрондарын алып жүру құқығына рұқсат беру тәртібі

22. ІІД (К) ұйымдар басшыларының ұсынымхаттары бойынша бұл ұйымдардың осы Ережеге 2, 4, 6, 7-1, 7-2, 9 және 10-қосымшаларда көрсетілген қызметкерлеріне қызметтік қаруды сақтау мен алып жүруге рұқсаттар береді.

Ұйым басшыларының өтініштеріне қажетті құжаттар (адамдардың тегі, аты, әкесінің аты, туған күні мен жері көрсетілген тізімдер) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген қару ұстауға қарсылық жоқ екені туралы медициналық қорытынды, күзетші ретінде жұмыс істеу үшін дайындықтан өткендігін растайтын куәлік және Қазақстан Республикасының азаматтығын растайтын құжаттар;

қаруды қауіпсіз ұстаудың ережелерін білетіндігін тексеру туралы анықтама; ұйым басшысының адамды лауазымға тағайындау туралы және қызметтік қаруды жеке бекітіп беру туралы бұйрықтарының көшірмелері; көлемі 3х4 см екі фотосурет) қоса тіркеледі.

Ішкі істер органы өтініш пен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір ай ішінде тапсырылған материалдарды қарайды және рұқсаттар береді, ал бас тарту жағдайында оның себептерін көрсете отырып, ол жөнінде ұйымға хабарлайды.

Қызметтік қаруды сақтауға және алып жүруге рұқсатты ішкі істер органдары осы Ережеге 12-қосымшаға сәйкес "Қызметтік міндеттерін орындау кезінде қолданылады" деген мөртабан қоя отырып, бес жыл мерзімге береді.

Ескерту. 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.11.11 N 1127, 2004.08.24 N 890, 2006.05.17 N 414, 2007.12.29 N 1370 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2008.09.11 N 842б, 2011.07.01 № 751 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), 2011.11.07. N 1301 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

22-1. Қаруды сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсаттардың қолданылуын тоқтата тұру, қалпына келтіру және тоқтату, сондай-ақ оларды беруден бас тарту "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 19-бабының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. Ереже 22-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2014.11.14 № 1198 (21.11.2014 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

23. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2014.11.14 № 1198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа кейін енгізіледі) қаулысымен.

## 7. Қызметтік қару мен оның патрондарын пайдаланудың тәртібі

24. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лауазымдары саяси

мемлекеттік қызметшілерге жатқызылған мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында пайдалануына арналған қызметтік қаруды Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі беретін рұқсаттар бойынша мынадай тәртіппен:

депутаттарға - Қазақстан Республикасының Парламенті;

мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкес лауазымдары саяси мемлекеттік қызметшілерге жатқызылған мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына - Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы, Премьер-Министрінің Кеңсесі сатып алады.

Қызметтік қаруды (қысқа ұңғылы ойықты атыс қаруын) сақтау мен алып жүруге мынадай құжаттардың:

өтініш;

кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ (сауалнама);

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген қару ұстауға қарсылық жоқ екені туралы медициналық қорытынды;

қаруды қауіпсіз ұстаудың ережелерін білетіндігін тексеру туралы анықтамалар;

3х4 см екі фотосурет;

түрі, үлгісі, моделі, жүйесі, калибрі, нөмірі көрсетіле отырып, қарудың бекітіліп берілгені туралы бұйрықтың көшірмесі негізінде беріледі.

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарына және "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лауазымдары саяси мемлекеттік қызметшілерге жатқызылған мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына қызметтік қаруды (қысқы ұңғылы ойықты атыс қаруы) сақтау мен алып жүруге рұқсатты Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі, оның орынбасарлары - береді.

Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лауазымдары саяси мемлекеттік қызметшілерге жатқызылған облыстардың, астананың және республикалық маңызы бар қаланың мемлекеттік органдарының лауазымды адамдарына қызметтік қаруды (қысқы ұңғылы ойықты атыс қаруы) сақтау мен алып жүруге рұқсатты ІІД бастықтары береді.

Мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкес лауазымдары саяси мемлекеттік қызметшілерге жатқызылған мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының - Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының, прокурорлардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында пайдалануға арналған қызметтік қару осы Ережелердің 7-9 тармақтарында жазылған талаптарға сәйкес сақталады.

Ескерту. Қызметтік қаруды (бір бірліктен артық емес) сақтау мен алып жүруге рұқсат бес жыл мерзімге беріледі.

Қару мен оның патрондарын алып қою Қазақстан Республикасының " Жекелеген қару түрлерінің айналымын мемлекеттік бақылау туралы" Заңының 20-бабына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 24-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.11.11. N 1127, 2007.12.29. N 1370 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2008.09.11 N 842б, 2011.07.01 № 751 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2016 № 909 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

## 8. Қызметтік қару мен оның патрондарын тасымалдаудың тәртібі

25. Қаруды, аңшылық оқ-дәріні, жабдықталған патрондарды автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде ұйым басшысы тасымалдауға жауапты адамды тағайындайды және жол бойында тиісті қарулы күзетпен қамтамасыз етеді.

25-1. Осы Ережеге 13-қосымшаға сәйкес қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсатты ішкі істер органы 15 күн мерзімге береді және ол Қазақстан Республикасының барлық аумағында қолданылады.

Ескерту. Ереже 25-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.11.07. N 1301 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

26. Аңшылық оқ-дәріні, жарақталған патрондарды Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автомобиль көлігімен тасымалдау автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган бекіткен Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Тасымалданатын қару мен патрондар қорапқа орап салынады, оған жүк тасымалдаушы ұйым мөр басады немесе пломбалайды.

Оқ-дәріні тасымалдаған кезде жүру бағыты жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органмен келісіледі.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.11.14 № 1198 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа кейін енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.05.2017 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

27. Қол жүгі ретінде теміржол және су жолдары арқылы тасымалданатын патрондардың, оқ-дәрінің саны мынадай:

барлық калибрлі атыс қаруының патрондары - 10 кг;

түтінсіз оқ-дәрі - 10 кг;

түтінді оқ-дәрі бұйымдары - 5 кг;

түтінді оқ-дәрі - 5 кг салмақтан аспауы керек.

Ескерту. Қол жүгі ретінде тасымалдауға берілген рұқсатта тек қана жүктің таза салмағы көрсетіледі (металл гильзалар, жәшіктер және т.б. жүктің салмағына кірмейді).

28. Қаруды (оның негізгі (құрамдас) бөлшектерін) және оның патрондарын пошта арқылы, оның ішінде халықаралық пошта арқылы жөнелтуге жол берілмейді.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.11.14 № 1198 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа кейін енгізіледі) қаулысымен.

29. Қызметтік қаруды, патрондарды, оқ-дәріні түрлі көліктермен тасымалдау көліктің осы түрі үшін белгіленген қағидаларға сәйкес жүргізіледі. Қару оқсыз, қапталған түрде, ал патрондар қорапқа орап салынып тасымалданады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.11.14 № 1198 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа кейін енгізіледі) қаулысымен.

30. Жүкке еріп жүретін қызметкерлер белгіленген пунктке барған және жүк күзетумен байланысты жұмыс аяқталған кезде қызметтік қаруды уақытша сақтау үшін жүкті қабылдап алған ұйымның қару бөлмесіне немесе жергілікті ішкі істер органына тапсырады.

Жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның патрондарын, сондай-ақ суық қаруды тасымалдау тәртібі заңнамада белгіленеді.

## 9. Спорттық қаруды сатып алу, сақтау, есепке алу және тасымалдау тәртібі

Ескерту. 9-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.05.2017 № 260 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

31. Спорттық атыс қаруын (үрлемелі қуаты 3 Дж бастап 7,5 Дж дейінгі және калибрі 4,5 мм аспайтын пневматикалық қарудан басқа) және оның патрондарын сатып алуды спорттық ұйымдар ішкі істер органдары беретін рұқсаттар бойынша осы Ережеге 9-қосымшада көрсетілген түрлеріне, типтеріне, модельдеріне және санына сәйкес жүзеге асырады.

Лақтырылатын қаруды (арқанының керілу күші 14 кг жоғары садақтар мен арбалеттерді) спорттық ұйымдар ішкі істер органдары беретін рұқсаттар бойынша сатып алады.

Спорттық атыс және лақтырылатын қаруды сатып алу, сақтау және тасымалдау осы Ереженің 4, 5, 6, 8, 9-тармақтарында, 8 және 9-бөлімдерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 909 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

31-1. Қаруды есепке алу үшін спорт ұйымында осы Ережеге 18-қосымшаға сәйкес қаруды сақтайтын және пайдаланатын ұйымдарда қару мен оның патрондарын есепке алу кітабы және осы Ережеге 19-қосымшаға сәйкес қару мен оның патрондарын беру және қабылдау журналы жүргізіледі, олар нөмірленеді, тігіледі және аумақтық ішкі істер органының "Лицензиялық-рұқсат жүйесі" деген бедері бар арнайы мөрі басылады.

Ескерту. Ереже 31-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 13.05.2017 № 260 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

32. Спорттық ұйымдардың қару мен патрондарды тасымалдауға жауапты лауазымды адамдары жарыстарды немесе оқу-жаттығу жиындарын өткізу пунктіне келгеннен кейін, өздері әкелген қаруды және оның патрондарын тасымалдау құқығын беретін рұқсатпен бірге жарыстар немесе жиындар өтетін жердегі арнайы жабдықталған үй-жайға уақытша сақтауға дереу тапсыруға міндетті.

Қару мен патрондарды спорт делегациялары (командалары) орналасқан қонақ үйлерінде, жатақханаларда, спорт лагерьлерінде және басқа демалыс орындарында сақтауға тыйым салынады.

Жиындар (жарыстар) өту кезінде қарудың сақталуына жауапты адамдар қаруды күнделікті күзетке тапсыру алдында қару мен оның патрондарын беру және қабылдау журналына сәйкес барлық атыс қаруы бірліктерінің болуын тексеруге міндетті.

32-1. Спорттық мақсаттар үшін лақтырылатын қаруды (көрмесінің тартылу күші 14 кг жоғары садақтар мен арбалеттерді) сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге Қазақстан Республикасының 16 жасқа толған азаматтарының да құқығы бар.

Сатып алынған лақтырылатын қару (садақтар мен арбалеттер) сатып алынған күннен бастап бір апта мерзімде тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарында тіркелуі тиіс.

Лақтырылатын қаруды (садақтар мен арбалеттерді) сатып алу, алып жүру және сақтау, тасымалдау осы Ереженің 79-101-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

Лақтырылатын қаруды пайдалануға тек тиісті спорттық объектілерде ғана рұқсат етіледі.

Ескерту. 32-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2007.12.29. № 1370 ( ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - 2014.11.14 № 1198 (21.11.2014 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен

## 10. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын өндіруге, өңдеуге және жөндеуге лицензия берудің шарттары мен тәртібі

Ескерту. 10-тарау алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.08.13. N 692 (ресми жарияланған күннен бастап жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 11. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатуға (саудасына) лицензия берудің шарттары мен тәртібі

Ескерту. 11-тарау алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.08.13. N 692 (ресми жарияланған күннен бастап жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 12. Азаматтық және қызметтік қаруды, оның патрондарын коллекциялау мен экспонаттауға лицензиялар берудің тәртібі мен шарттары

Ескерту. 12-тарау алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.08.13. N 692 (ресми жарияланған күннен бастап жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 13. Азаматтық, қызметтік қару мен оның патрондарын коллекциялау мен экспонаттаудың тәртібі

47. Коллекциялық атыс қаруы қару-жарақ шеберханаларында:

жазулары мен таңбаларына зақым келтірілмей қарудың қазыналық бөлігінде диаметрі кемінде 5 мм саңылау бұрғылау;

шаппасын алып тастау немесе кесу арқылы атуға жарамсыз күйге келтірілуге тиіс.

Музейлерде экспонатталатын азаматтық және қызметтік қару көрмелер, сауда көрмелері немесе аукциондар ұйымдастыру кезінде:

қарудың соққылау-жіберу тетігінің бөлшектерін алып тастау;

қарудың тетіктеріне, ұңғысына атыс жүргізуге жол бермейтін ендірмелер қою арқылы атуға жарамсыз күйге келтірілуге тиіс, бұл ретте ендірмелердің конструкциясы оларды қосымша құралдарсыз алуға мүмкіндік бермеуге тиіс.

Атыс қаруының патрондары музейлерде оқталмаған (оқ-дәрісіз) күйінде ғана экспонатталады.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.05.2017 № 260 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

48. Бұрынғы ұрыс орындарынан табылған, азаматтардың сыйға тартқан, ішкі істер органдарында тіркелмеген қаруды экспонаттау үшін пайдалануға тыйым салынады.

49. Коллекциялық қару иесінің қаруды тек қана коллекциялауға ішкі істер органының лицензиясы бар адамның меншігіне тапсыруға құқығы бар.

50. Коллекциялық қару ұрланған немесе жоғалған жағдайда иесі коллекциялауға лицензия берген аумақтық ішкі істер органына дереу мәлімдеуге міндетті.

51. Экспонаттауға лицензиясы бар заңды және жеке тұлғалар көрме, сауда көрмесі немесе аукцион ұйымдастырған кезде:

1) үй-жайды жалға алу, қару мен патрондарды экспонаттау тәртібі, олардың сақталуын қамтамасыз ету туралы шарттар жасасуы;

2) шетелдік қатысушылар үшін оларға тиесілі қаруды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге аумақтық ішкі істер органынан қорытынды, сондай-ақ оны тасымалдауға рұқсат алуы;

3) көрме, сауда көрмелері немесе аукцион өтетін жердегі ішкі істер органдарына экспонаттау жоспарлары мен экспозицияларды орналастыру сызбасын келісу үшін ұсынуға, сондай-ақ көрме, сауда көрмелері немесе аукцион өткізу кезеңіне осы Ережеде белгіленген тәртіппен қару мен оның патрондарын сақтау үшін рұқсат алуы;

4) экспонатталатын қару мен патрондар орналастырылған және сақталатын жерлерге бөтен адамдардың рұқсатсыз кіруіне жол бермеуі;

5) қару мен патрондар экспозицияларын ашық сөрелер мен стенділерде орналастырған жағдайда, көрме, сауда көрмелері немесе аукцион жұмысы аяқталғаннан кейін күн сайын қару мен патрондардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарға сәйкес қару мен патрондарды жабдықталған үй-жайларға сақтау үшін тапсыруы;

6) музейлерде, көрме, сауда көрмесін немесе аукцион ұйымдастыру кезінде азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын атуға жарамсыз күйінде экспонаттау қажет.

Жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның патрондарын коллекциялаудың және экспонаттаудың лицензиялары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен беріледі.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.05.2017 № 260 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## 14. Жөндеу шеберханасындағы азаматтық және қызметтік қаруды есепке алудың тәртібі

52. Қару жөндеу шеберханасын ашуға лицензия беруге жауапты адам және шеберханада жұмыс істейтін адамдар туралы (тегі, аты, әкесінің аты, туған күні мен жері, тұрғылықты мекен-жайы) мәліметтер көрсетілген шеберхананы ашушы ұйым басшысының өтініші негіз болып табылады. Өтінішке комиссияның үй-жайды қабылдап алу туралы актісі қоса тіркеледі.

Үй-жайдың қару жөндеу шеберханасы ретінде жұмыс істеуге жарамдылығын құрамында ішкі істер органдарының, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының және шеберхананы ашушы ұйымның өкілдері бар комиссия анықтайды.

Ескерту. 52-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30 N 662, 2008.11.18 N 1068 Қаулыларымен.

53. Осы Ереженің 7-8-тармақтарында жазылған талаптарға жауап беретін арнайы жабдықталған үй-жайлар болған кезде қаруды қару жөндеу шеберханасында сақтауға жол беріледі.

54. Қаруды (оның ішінде аңшылық қаруларды) жөндеуге:

1) ішкі істер органының қаруды сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсаты және жеке басын куәландыратын құжаттары болғанда - азаматтардан;

2) қарудың сақталуына жауапты адамда қаруды сақтауға ішкі істер органының рұқсаты, ұйым басшысының ілеспе хаты, сенімхат және жеке басын куәландыратын құжаты болғанда - ұйымдардан қабылдау жүргізіледі.

Ескерту. Тіркелмеген қару жөндеуге тапсырылған жағдайда шеберхана әкімшілігі осы қаруды тапсырған адам туралы ішкі істер органына дереу хабарлайды.

55. Қару шеберханасында жөндеуден өткеннен кейін қару:

1) шеберхананың түбіршегі, қаруды сақтауға немесе сақтау мен жүруге ішкі істер органының рұқсаты және жеке басын куәландыратын құжаты болғанда - азаматтарға;

2) шеберхананың түбіршегі, қаруды сақтауға ішкі істер органының рұқсаты, сенімхат және жеке басын куәландыратын құжаты болғанда - ұйым өкілдеріне беріледі.

Ескерту. Ойық ұңғылы қарудың із қалдыратын бөліктері жөндеуден өткен жағдайда тексеру атысын жүргізу үшін міндетті түрде ішкі істер органдарын хабардар ету қажет.

56. Жөндеуге қару тапсырған қару иесінің немесе ұйым өкілінің тапсырысты орындау түбіршегінде көрсетілген мерзім еткеннен кейін отыз күн ішінде келмеген жағдайда қару тиісті тексерулерді жүзеге асыру үшін аумақтық ішкі істер органына тапсырылады.

57. Жөндеуге келіп түскен қаруды есепке алу үшін қару жөндеу шеберханасында осы Ережеге 20-қосымшаға сәйкес нөмірленген, тігілген және шеберхананың жұмыс істеуіне лицензия берген ішкі істер органының " Лицензиялық-рұқсат ету жүйесі" деген бедері бар арнайы мөрі басылған қару жөндеу шеберханасына келіп түскен қаруды есепке алу кітабы жүргізіледі.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.05.2017 № 260 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

58. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын, суық қаруды, сондай-ақ газды қару мен оның патрондарын жасауға лицензиясы бар заңды тұлғалар мыналарды жүзеге асырады:

а) қарудың немесе патрондардың жаңа үлгілері мен модельдерін жасаумен байланысты зерттеуді;

б) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу процесінде қарудың немесе патрондардың жаңа үлгілері мен модельдерінің тәжірибелік үлгілерін әзірлеуді, сондай-ақ қаруды немесе патрондарды өндіруге ғылыми-техникалық құжаттар әзірлеуді және сараптауды;

в) қарудың немесе патрондардың техникалық сипаттамаларын (қасиеттерін) анықтау үшін, қызметтің шекті мерзімдері мен пайдалану қауіпсіздігін белгілеу үшін оларды сынақтан өткізуді;

г) қару немесе патрондар жасап шығаруды, оның ішінде қаруды құрастыруды және атыс қаруының негізгі бөліктерін немесе патрондардың құрамдас бөліктерін (гильзаларды, капсюльдерді, оқ-дәріні, оқтарды, бытыралар мен картечтерді) жасауды, патрондарды құрастыру мен жарақтауды;

д) қарудың негізгі бөліктеріне конструкциясы жағынан өзгерістер енгізусіз және оның техникалық сипаттамаларын сақтай отырып, қаруды көркемдеп

әрлеуді жүзеге асырады. Қаруды көркемдеп әрлеу кезінде қымбат металдар, қымбат және жартылай қымбат тастар, сондай-ақ қарудың нақты моделін дайындауға қажетті материалдар мен технологиялар қолданылуы мүмкін;

е) қару жөндеуді, оның ішінде детальдарының ақауларын жою немесе оларды айырбастау арқылы оны жұмыс істеу күйіне келтіруді, сондай-ақ қарудың сыртқы түрі мен көркемдеп әрлеу элементтерін қайта қалпына келтіруді жүзеге асырады. Қарудың із қалдыратын бөліктері жөнделген жағдайда тексеру атысын жүргізу үшін ішкі істер органдарына хабарлау қажет.

Заңды тұлғалар қару мен патрондар өндіруге бақылау жасауды жүзеге асыруға, жұмыс өндірісімен байланысты қауіпсіздікті, шығарылатын өнімнің тиісті сапасын, оның есебі мен сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Ескерту. 58-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.12.29. N 1370 ( ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

59. Қару мен оның патрондарын өндіруге лицензиясы бар заңды тұлғаларға:

а) лицензияда көзделмеген қарудың немесе патрондардың түрлері мен үлгілерін өндіруді жүзеге асыруға;

б) импорттаушы елдердің талаптарына жауап беретін техникалық шарттарға сәйкес тек экспорттау үшін ғана өндірілетін қаруға немесе патрондарға Қазақстан Республикасының аумағында айналымда болатын осындай қарудың немесе патрондардың таңбалануын беруге тыйым салынады.

Жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның патрондарын өндіру лицензиясы заңнамада белгіленген тәртіппен беріледі.

## 15. Дүкендердегі азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алу, сақтау, есепке алу, тасымалдау және сату тәртібі

Ескерту. 15-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.11.14 № 1198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа кейін енгізіледі) қаулысымен.

59-1. Азаматтық және қызметтік қару саудасына лицензиясы бар заңды тұлғалар азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын оларды сатып алуға арналған рұқсаттар бойынша сатып алады.

Сатып алынған азаматтық және қызметтік қару сатып алынған күнінен бастап жеті күн мерзімде аумақтық ішкі істер органында рұқсат телнұсқасының түпнұсқасын немесе рұқсат телнұсқасына қосымшаны беру арқылы тіркеледі.

Ескерту. Ереже 59-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2014.11.14 № 1198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа кейін енгізіледі) қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР

Үкіметінің 29.12.2016 № 909 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

59-2. Сатып алынатын, сатылатын қару мен оның патрондарын есепке алу, осы Ережеге 21-қосымшаға сәйкес кітапта жүргізіледі.

Ескерту. Ереже 59-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 13.05.2017 № 260 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

60. Азаматтық және қызметтік қару саудасына лицензиясы бар заңды тұлғалар қару мен оның патрондарын мынадай талаптарға сай келетін, арнайы жабдықталған қоймада (қару-жарақ бөлмесінде) сақтайды:

1) басқа қосалқы, қызметтік үй-жайлардан оқшауланған болуы, қабырғалары қалың, төбе жабыны мен едені темірбетонды болуы тиіс;

арнайы жабдықталған қойманың күзетілетін аймағының периметрі болып табылатын қалың емес қабырғалар, темірбетонды емес төбе жабулар мен еден диаметрі кемінде 15 мм жұмыр болат шыбықтан немесе жиегі кемінде 14 мм төртбұрышты болат шыбықтан орындалған металл тормен қапталады. Шыбықтар 150x150 мм аспайтын тор көз құрып, олардың әрбір қиылысқан жері дәнекерленеді;

2) екі есігі, бұл ретте қалыңдығы кемінде 3 мм болат табақтан жасалған сыртқы металл есігі, торланған болаттан жасалған ішкі есігі немесе болат рол-қақпасы болуға тиіс;

сыртқы есік автоматты "ілмешегі" бар ішкі құлыппен жабылады, " жеткізгішпен" және "дабыл түймесін" басқан кезде іске қосылатын резервтік қоректендіргіші бар бұғаттаушы құрылғымен жабдықталады, ішкі тор есік немесе рол-қақпасы ішкі немесе аспалы құлыппен жабылады;

арнайы жабдықталған қойма есігі ойығының жиегі (есіктің қорабы) диаметрі 10-12 мм арматуралы болаттан жасалған кемінде он шегемен қабырғаға кемінде 80 мм тереңдікке қағылған болат профильден жасалады;

3) қару мен патрондар стеллаждарда, пирамидаларда немесе металл жәшіктерде (шкафтарда) сақталады;

4) желдеткіш терезелер, люктер болған жағдайда, оларға бұл жүйелер арқылы өту мүмкіндігін болдырмайтын көлемі 150x150 мм аспайтын тор көздері бар болат тор орнатылады. Инженерлік желілерді тартуға арналған қабырғалардағы тесіктердің диаметрі 200 мм аспайды;

5) терезелер болған жағдайда, оларға болат торлар, сондай-ақ металл қақпақтар немесе рол-ставнялар орнатылады. Торлардың, қақпақтардың және рол-ставнялардың жиектері диаметрі 10-12 мм болат арматурадан жасалған істікпен қабырғаға кемінде 80 мм тереңдікке қағылады. Шалқасынан ашылатын терезе қақпақтары берік аспалы немесе ішкі құлыптарға жабылады. Есік, терезе

ойықтарына орнатылатын торлар диаметрі кемінде 15 мм жұмыр болат шыбықтан немесе қалыңдығы кемінде 14 мм шаршы болат шыбықтан, ал қақпақтар қалыңдығы кемінде 3 мм болат табақтан жасалады. Шыбықтар 150х150 мм аспайтын тор көз құрып, олардың әрбір қиылысқан жері дәнекерленеді;

6) өртке қарсы құралдар болуы керек;

7) қару мен оның патрондары бар арнайы жабдықталған қойманың және металл жәшіктер (шкафтар) кілттерінің екі жиынтығының болуы;

бұғаттаушы құрылғылардан басқа, кілттердің бір жиынтығы – қару мен оның патрондарын сақтауға жауапты адамда, екіншісі ұйым басшысында, сондай-ақ онда бұғаттаушы құрылғылардың барлық кілттері болады;

8) электрмен қоректендіру қалқанына дейін жасырын сым тарту арқылы жасалған екі және одан көп күзет-өрт дабылы құралдарымен жабдықталады, терезелерді, есіктерді, люктерді ашқанда, әйнекті бұзғанда немесе қабырғаларды, төбелерді, едендерді, жәшіктерді (шкафтарды) бұзғанда және адам кіргенде іске қосылатын датчиктер орнатылады (күзет дабылы құралдарының шлейфтерін үй-жайдың ішіне ғана жүргізуге рұқсат етіледі);

жұмыстан тыс уақытта арнайы жабдықталған қойма ішкі істер органдарының кезекші бөлімдеріне шығарылатын жұмыс орындары бар оператор-фирмалардың орталықтандырылған бақылау пульттеріне сигнализация қосылып, күзетуге тапсырылады;

жұмыс уақытында арнайы жабдықталған қойманы қару мен оның патрондары саудасы бойынша мамандандырылған дүкеннің қаруға рұқсаты бар жауапты қызметкері немесе заңды тұлғаның басшысы ғана ашады.

Қойманың есіктері, дүкеннің қаруға рұқсаты бар қызметкерлерінің кіріп-шығуын, сондай-ақ олардың қару мен патрондарды, қарудың қосалқы бөлшектері мен оқ-дәріні әкеліп-әкетуін қоспағанда, жабық күйінде болады;

9) жалпы алаңы кемінде 10 $м^2$ арнайы жабдықталған қойма сөрелерінде мыналарды:

150 кг аспайтын түтінсіз оқ-дәріні;

тегіс ұңғылы қарудың 200 000 дана патронын;

ойық ұзын ұңғылы қарудың ортадан соққылайтын 300 000 дана патронын;

ойық ұзын ұңғылы қарудың бүйірден соққылайтын 500 000 дана патронын;

қысқа ұңғылы ойық қарудың 50 000 дана патронын;

газды, травматикалық патронмен ату мүмкіндігі бар газды, ұңғысыз травматикалық қарудың 150 000 дана патронын;

жарық-дыбыстық әсері бар 10 000 дана патронды сақтауға рұқсат етіледі;

жекелеген жағдайларда, арнайы жабдықталған қойма алаңының, сондай-ақ азаматтық және қызметтік қару санының өзгеруіне байланысты оқ-дәрі мен патрондардың көрсетілген шекті саны ішкі істер органдарымен келісім бойынша азайтылады немесе көбейтіледі;

келісу хат жыл сайын еркін нысандағы жеке құжатпен ресімделеді, онда қару-жарақ бөлмесінің алаңы және ондағы нақты болған қарудың, қосалқы бөлшектерінің, түрлері мен калибрлері бойынша патрондарының нақты саны көрсетіледі және сақталатын түрлері мен калибрлері бойынша патрондарды азайту немесе көбейту мүмкіндігі туралы тұжырым жасалады.

10) азаматтық және қызметтік қару саудасына лицензиясы бар заңды тұлға басшысының немесе қару мен патрондар саудасы бойынша мамандандырылған дүкен директорының бұйрығымен қару мен оның патрондарының сақталуына жауапты адам тағайындалады.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.04.2014 № 363 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.05.2017 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

61. Қару мен патрондар сатылатын сауда залы мынадай талаптарға сәйкес жабдықталады:

1) мыналарды:

дәлдік қабілеті фото-бейне сурет бойынша адамды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін ("күн-түн" үлгісіндегі) бейнебақылау камераларын;

кемінде 7 тәулік мерзімге дейін бейнеақпаратты сақтауға мүмкіндік беретін тиісті компьютерлік жабдықты қамтитын тәулік бойғы бейнебақылау жүйелерінің болуы;

2) орталықтандырылған бақылау пультіне жасырын сигнал беруге мүмкіндік беретін ұтқыр не стационарлық дабыл беру ("Дабыл түймелері") құралдарының болуы;

3) қару мен оның патрондары саудасы жөніндегі сауда залында экспонатталатын қарудың (суық қаруды қоспағанда) әрбір бірлігі атуға жарамсыз күйінде сөрелерде (стендтерде) орналастырылады, шүріппе тұтқа (бар болған кезде) арқылы қаруға қолжетімділікті шектеуге арналған қару құлпына бекітіледі;

4) атыс қаруының патрондары сөрелерге оқ-дәрі зарядынсыз қойылады және шынының астында тұрады;

5) сөрелерде тұрған қару жылдам атуды болдырмайтын күйге келтіріледі;

6) жасақталған патрондарды, капсюльдер мен оқ-дәріні сақтау үшін сөрелердің артына кемінде екі шкаф орнатылады. Оқ-дәріні капсюльдермен немесе жасақталған патрондармен бірге бір шкафта сақтауға тыйым салынады.

Оқ-дәрі сатып алушыға тапсыру үшін ғана сөрелерге капсюльдермен бірге қойылуы мүмкін;

7) терезе ойықтарындағы қақпақтарды қоспағанда, осы Ереженің 60-тармағының 4), 5) және 6) тармақшаларында көзделген талаптарға сәйкес болуы;

8) жасақталған патрондарды, капсюльдер мен оқ-дәріні сақтауға арналған сауда залы мен шкафтар кілттерінің екі жиынтығының болуы;

кілттердің бір жиынтығы қару мен оның патрондарын сақтауға жауапты адамда, екіншісі - ұйым басшысында ұдайы болады;

арнайы жабдықталған қойманың, қару мен оның патрондары бар металл жәшіктердің (шкафтардың) кілттерін үстелдерде және бөгде адамдардың қолы жететін өзге де жерлерде қалдыруға рұқсат етілмейді;

9) осы Ереженің 60-тармағының 1), 2) және 8) тармақшаларында көзделген талаптарға сәйкес болуы. Сауда залы көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, дүкенді жапқаннан кейін (жұмыс уақытынан тыс) сатып алу ішкі істер органдарының рұқсаттары бойынша жүзеге асырылатын қаруды, сондай-ақ қарудың патрондарын және оқ-дәріні онда қалдыруға жол берілмейді;

10) сауда залында витражды қоршаулар болған жағдайда, олар соққыға төзімді немесе шыныны тесуге төзімді материалдан жасалады, оққа төзімді шыны орнатуға жол беріледі;

11) қару мен патрондар саудасы жөніндегі сауда залы аңшылық дүкенінің ғимаратында, сатып алушылардың ол арқылы дүкеннің басқа үй-жайларына өтуіне жол бермейтін жерде орналасады.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.04.2014 № 363 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 909 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.05.2017 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

62. Азаматтар немесе ұйымдардың өкілдері қаруды комиссиялық сатуға ішкі істер органдарының жолдамасы мен жеке басын куәландыратын құжаттары бойынша тапсырады. Қаруды комиссиялық сатуға көрсетілген жолдамасыз тапсырған жағдайда дүкен әкімшілігі оны қабылдап алады және қаруды тапсырған адам туралы мәліметтерді көрсете отырып, ішкі істер органдарына тапсырады. Қаруды комиссиялық сатуға қабылдап алу туралы квитанцияны азамат қаруды сақтау рұқсатымен бірге оны тіркеген ішкі істер органына он

күндік мерзімде ұсынады. Қарудың сатылғаны туралы хабарламаны алғаннан кейін ішкі істер органы оны есептен шығарады.

63. Дүкендерде атыс және газды қарудың патрондары:

1) қарудың тиісті түрлерін сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге ішкі істер органдарының рұқсатын және жеке басын куәландыратын құжатын көрсеткен кезде – жеке тұлғаларға;

2) жеке тұлғаларға аңшылық оқ-дәрі атыс қаруын сақтау немесе сақтау мен алып жүру құқығына рұқсатын және жеке басын куәландыратын құжатын көрсеткеннен кейін беріледі (сатылған оқ-дәрінің салмағы аңшылық куәлікке және есепке алу кітабына жазылады);

3) қарудың тиісті түрлерін сатып алуға ішкі істер органының рұқсаты мен сақтауға рұқсатын, сенімхатты және қарудың сақталуына жауапты адамның жеке басын куәландыратын құжатын көрсеткенде – заңды тұлғаларға сатылады.

Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.05.2017 № 260 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

63-1. Ішкі істер органдарында тіркелуі тиіс қаруды сатқан кезде дүкендердің сатушылары қаруды сатып алуға арналған рұқсатты сатып алушының жеке куәлігінің немесе паспортының түпнұсқасымен салыстырып тексеруді жүргізеді.

Атыс қаруын қаруды сатып алуға рұқсатты және жеке басын куәландыратын құжатын көрсетпеген сатып алушының, сондай-ақ дүкенге келушілердің "қолына " беруге жол берілмейді.

Ескерту. 15-бөлім 63-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 17.04.2014 № 363 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 909 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.05.2017 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

64. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасын жүзеге асыратын ұйымдарда келіп түсетін және сатылған қару мен оның патрондарының есебі нөмірленген, тігілген кітаптар бойынша жүргізіледі және аумақтық ішкі істер органының "Лицензиялық-рұқсат ету жүйесі" деген бедері бар арнайы мөрі басылады. Сатылған қарудың маркасы, калибрі, нөмірі атыс және газ қаруын сатып алуға рұқсаттың телнұсқасына және есепке алу кітабына, сатылған аңшылық пышақтың нөмірі – сатып алушының аңшылық куәлігіне жазылады.

Рұқсаттың телнұсқасы мен аңшылық куәлігінде көрсетілген жазбалар сатушының қол қоюымен және осы заттарды сату күні көрсетіле отырып, дүкеннің мөртаңбасымен расталады.

Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 909 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

65. Қару мен оның патрондары саудасын жүзеге асыратын ұйымдар:

1) сәйкестікті растау жөніндегі органның сәйкестік сертификаты бар қару мен оның патрондарын сатады;

2) сатып алынатын және сатылатын қаруды есепке алуды, сондай-ақ 10 жыл бойы есептік құжаттаманы сақтауды қамтамасыз етеді;

3) мемлекеттік оқ-гильза қоймасына сатылатын қызметтік және азаматтық ойық атыс қаруынан атылған оқтар мен гильзаларды ұсынады.

Дайындап шығарушы кәсіпорындар зауыттық паспорттарына тиісті жазбалар енгізу арқылы отандық қарудың тексеру атыстарын жүргізеді.

Импорттық қарудың тексеру атыстарын ішкі істер органдары жүргізеді. Оларды жүргізу үшін ұйым патрондардың қажетті санын ұсынады, қаруды атыс жүргізілетін жерге тасымалдауды қамтамасыз етеді;

4) осы Ережеге 22-қосымшаға сәйкес сатып алынған және сатылған қызметтік және азаматтық қару және оны сатып алушылар туралы мәліметтерді қару айналымын бақылау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ай сайын ішкі істер органдарына ұсынады;

5) қарудың сақталуын және оны сақтау қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

6) персоналдың Қазақстан Республикасының қару айналымы туралы заңнамасын білуін қамтамасыз етеді;

7) жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 10 қаңтарынан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне осы Ережеге 15-қосымшаға сәйкес әкелінген қару және оның сатылуы туралы жылдық есеп береді;

8) қару мен патрондарды орналастыру және сақтау орындарына (сатушы сөресінің артына) бөгде адамдардың, сондай-ақ дүкеннің қаруға рұқсаты жоқ жұмыскерлерінің кіруіне жол бермейді.

Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.05.2017 № 260 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

66. Қарудың осы түрін сатып алуға рұқсатын ұсынбаған заңды және жеке тұлғаларға қарумен сауда жасауға, сондай-ақ нөмірсіз және таңбасыз қару не

азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы саласындағы техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестік белгісі жоқ патрондарды сатуға жол берілмейді.

Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 909 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

67. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының саудасына лицензиясы бар заңды тұлғаларға спорт, аң және балық аулау құрал-жабдықтары мен осы қарудың қосалқы бөлшектерін қоспағанда, бір сауда залында қару мен өзге де тауар түрлерін қатар сатуға тыйым салынады.

Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.05.2017 № 260 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

68. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатуға берілген лицензия азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сату үшін құрылған заңды тұлғалардың филиалдарын ашуға құқық бермейді.

69. Қаруды сақтау, пайдалану және сату ережелерін бұзу анықталған жағдайда ішкі істер органдарының қару сақталатын үй-жайларды мөрлеуге, ал қажет болған жағдайда анықталған кемшіліктер жойылғанға дейін ұйымның жұмысын тоқтата тұруға құқығы бар.

70. Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатуды:

1) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын қоспағанда, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары;

2) лауазымды адамдарына атыс қаруын сақтауға және алып жүруге құқық берілген мемлекеттік органдар;

3) ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғалар;

4) қару өндірумен немесе оны сатумен айналысатын заңды тұлғалар;

5) қаруды коллекциялаумен немесе экспонаттаумен айналысатын заңды және жеке тұлғалар;

6) аңшылық шаруашылығы ұйымдары;

7) спорттық ұйымдар;

8) білім беру ұйымдары;

9) Қазақстан Республикасының азаматтары;

10) шетелдіктер;

11) қаруды, оның ішінде жарақат салатын және газбен әсер ететін патрондары бар қаруды қолдану саласында ғылыми медициналық зерттеулер жүргізуге

уәкілеттік берілген заңды тұлғалар заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асыра алады.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.11.14 № 1198 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа кейін енгізіледі) қаулысымен.

71. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 751 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

72. Осы Ереженің 70-тармағының 2) - 11) тармақшаларында көрсетілген субъектілер өз қарамағында заңды негізде болатын қару мен патрондарды көрсетілген қарудың есепке алынған жеріндегі ішкі істер органдарына ол туралы алдын ала хабарлау арқылы қарумен сауда жасауға лицензиясы бар заңды тұлғаларға сата алады.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.11.14 № 1198 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа кейін енгізіледі) қаулысымен.

73. Қаруды сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге рұқсат берген уәкілетті органының (бұдан әрі - уәкілетті орган) жолдамасы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтары өздерінде меншік құқығында заңды негізде болатын қаруды, қару мен оның патрондары айналымын бақылау саласындағы уәкілетті органға алдын ала хабарлай отырып, азаматтық және қызметтік қаруды сатуға, коллекциялауға немесе экспонаттауға лицензиясы бар заңды тұлғаларға, сондай-ақ қару есепке алынған жердегі ішкі істер органдарында қайта тіркегеннен кейін қару сатып алуға рұқсаты бар азаматтарға иеліктен шығаруға құқығы бар.

Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.11.14 № 1198 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа кейін енгізіледі) қаулысымен.

73-1. Қаруды, аңшылық оқ-дәріні, жарақталған патрондарды тасымалдауды оларды сатумен айналысатын заңды тұлғалар ішкі істер органдарының рұқсаттары бойынша жүзеге асырады.

Қаруды, аңшылық оқ-дәріні, жарақталған патрондарды автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде ұйым басшысы тасымалдауға жауапты адамды тағайындайды және жол бойында қарулы күзетпен қамтамасыз етеді (күзет қызметін көрсету жөніндегі шарт).

Спорттық тауарларды, аң және балық аулау құрал-жабдықтарын қоспағанда, қаруды, аңшылық оқ-дәріні, жарақталған патрондарды өзге тауарлармен бірге тасымалдауға жол берілмейді.

Аңшылық оқ-дәріні, жарақталған патрондарды Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автомобиль көлігімен тасымалдау автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган бекіткен Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Тасымалданатын қару мен патрондар қорапқа орап салынады, оған жүк тасымалдаушы ұйым мөр басады немесе пломбылайды.

Қаруды, аңшылық оқ-дәріні, жарақталған патрондарды жеткізу шарты ( келісімшарты) болған кезде, қару саудасы бойынша мамандандырылған дүкеннің сатуын қоспағанда, қаруды, аңшылық оқ-дәріні, жарақталған патрондарды тасымалдау кезінде жол бойында қорапты ашуға жол берілмейді.

Оқ-дәріні, жарақталған патрондарды тасымалдау кезінде жүру бағыты жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органмен келісіледі.

Жарақталған патрондар, оқ-дәрі қол жүгі ретінде темір жол, су көлігімен мынадай салмақтан аспайтын мөлшерде тасымалданады:

1) атыс қаруының жарақталған патрондары – 10 кг;

2) түтінсіз оқ-дәрі – 10 кг;

3) түтінді оқ-дәрі бұйымдары – 5 кг;

4) түтінді оқ-дәрі – 5 кг.

Ескертпе: қол жүгін тасымалдауға берілген рұқсатта жүктің нетто салмағы ғана көрсетіледі (металл гильзалар, ыдыстар жүктің салмағына кірмейді).

Салмағы:

1) атыс қаруының жарақталған патрондары – 300 кг;

2) оқ-дәрі – 50 кг аспайтын аңшылық оқ-дәріні, жарақталған патрондарды автомобиль көлігімен тасымалдау ішкі істер органдарының оларды тасымалдауға рұқсатынсыз жүзеге асырылады, бұл ретте ұйым басшысы тасымалдауға жауапты адамды тағайындайды және жол бойында қарулы күзетпен қамтамасыз етеді (күзет қызметін көрсету жөніндегі шарт).

Көрсетілген салмақтан асып кеткен жағдайда, оқ-дәрі мен жарақталған патрондарды тасымалдау автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган бекіткен Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

Ескертпе. Тасымалдау азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылауды жүзеге асыратын бөлімшеге ресми түрде хабарланғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

Ескерту. Ереже 73-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2014.11.14 № 1198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа кейін енгізіледі) қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.05.2017 № 260 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

74. Қазақстан Республикасының аумағында:

а) ішкі істер органдарында тіркелмеген не пайдалануға техникалық жағынан жарамсыз қару мен патрондарды;

б) нөмірі мен таңбасы жоқ қаруды не стандартқа сәйкестік белгісі жоқ патрондарды;

в) мемлекеттік оқ-гильза қоймасына атылған оқтар мен гильзаларды ұсыну арқылы тексеру атыстары өткізілмеген ойық ұңғылы атыс қаруын;

г) уақытша пайдалануға алынған қару мен патрондарды;

д) кеден бақылауында болатын қару мен патрондарды;

е) азаматтардың жеке пайдалануы үшін жарақталған тегіс ұңғылы аңшылық атыс қаруының патрондарын сатуға тыйым салынады.

Жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның патрондарын сату заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

## 15-1. Заңды тұлғалардың қару мен патрондарға түгендеу жүргізу тәртібі

Ескерту. Ереже 15-1-бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 13.05.2017 № 260 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауды жүзеге асыратын ұйымдарда есепке алу мақсатында заңды тұлғалар қару мен патрондарға түгендеу жүргізеді.

74-1. Түгендеу – қару мен патрондардың бар-жоғын есептік деректерге сәйкес келуі тұрғысынан, сондай-ақ олардың есебін жүргізу мен сақталуын қамтамасыз ету тәртібін толық салыстырып тексеру. Түгендеу ұйымдарда түгендеу жүргізілетін заңды тұлға басшысының бұйрығы негізінде жүргізіледі.

74-2. Түгендеу:

1) тоқсан сайын;

2) қару мен патрондардың сақталуына жауапты адам немесе заңды тұлғаның басшысы ауысқан кезде (істерді қабылдау-тапсыру күніне);

3) дүлей зілзала, өрт, авария немесе басқа да төтенше жағдайлар болған кезде (осындай оқиғаларға нақты қатысушы үшін) оның салдарынан қарудың немесе патрондардың орнын ауыстыру жүргізілгенде;

4) заңды тұлға таратылған немесе қайта ұйымдастырылған кезде тарату немесе бөлу балансарын жасау алдында жүргізіледі.

Түгендеу жүргізілетін заңды тұлға басшысының бұйрығымен түгендеу басталғанға дейін 10 күн бұрын түгендеу комиссиясының төрағасы мен мүшелері тағайындалады, оның жұмыс істеу мерзімі мен түгендеу актісін, түгендеудің жүргізілгені туралы салыстыру ведомостерін ұсыну тәртібі айқындалады.

74-3. Түгендеу жүргізу үшін ұйымда кемінде үш адамнан тұратын тұрақты жұмыс істейтін түгендеу комиссиясы құрылады. Түгендеу комиссиясына түгендеу жүргізілетін заңды тұлға басшыларының біреуі, бухгалтерлік қызметтің қызметкерлері және салыстырып тексерілетін қарудың құрылымы мен номенклатурасын, сондай-ақ оларды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шараларын зерделеген басқа да мамандар кіреді.

Түгендеу комиссиясының құрамы, әдетте, комиссияның жұмыс істеу мерзімі аяқталғанға дейін өзгермеуге тиіс. Ерекше жағдайларда комиссияның мүшелерін ауыстыру түгендеу жүргізілетін заңды тұлға басшысының бұйрығы негізінде жүргізіледі.

Заңды тұлғаның басшысы қару мен патрондарға түгендеу жүргізу үшін жағдай жасайды, оны өткізу кезінде комиссия мүшелерін уақытша басқа міндеттерді орындаудан босатады, сондай-ақ қарумен және патрондармен жұмыс істеуге рұқсаты бар техникалық жұмыскерлердің қажетті санын бөледі.

74-4. Қару мен патрондардың сақталуына жауапты адамдар қару мен патрондардың қозғалысы бойынша аяқталған барлық операцияларды тізуді жүзеге асырады және олардың қалдықтарын есепке алу кітаптарына түгендеу күніне өзінің қолымен растай отырып, шығарады.

74-5. Түгендеуді бастар алдында комиссия мүшелері:

1) Қазақстан Республикасының қару мен патрондар айналымы және оларға түгендеу жүргізу тәртібін реттейтін заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын зерделейді;

2) осы Ережеге 23-қосымшаға сәйкес түгендеу тізімдемелерінің, осы Ережеге 24-қосымшаға сәйкес нөмірлік есепке алу тізімдемелерінің және осы Ережеге 25-қосымшаға сәйкес қару мен патрондарды түгендеу нәтижелерінің салыстыру ведомостерінің бланкілерін дайындайды, оларды белгіленген тәртіппен тіркейді. Бұл ретте қару мен патрондардың қалдықтарын көрсетілген құжаттарға алдын ала енгізуге жол берілмейді;

3) деректемелері қарудың сақталуына жауапты адамдардағы пломбылау құралдарынан ерекшеленуге тиіс пломбылау құралдары мен пломбылау материалының бар-жоғын салыстырып тексереді.

74-6. Қару мен патрондардың нақты бар-жоғын салыстырып тексеруді комиссия қару мен патрондардың сақталу орнын тексеруден және қару мен патрондар бар қолдағы сейфтерді, шкафтарды, пирамидаларды, жәшіктерді мөрлеуден бастайды.

Қару мен патрондарды қабылдау немесе беру үшін оларды сақтау орындарын ашуды және тексерілгендерін қайта мөрлеуді түгендеу комиссиясының мүшелері ғана жүзеге асырады.

74-7. Қарудың бар-жоғы оның сақталуына жауапты адамның қатысуымен оны міндетті түрде бір-бірден, жиынтық түрінде және нөмірі бойынша қайта санау, сондай-ақ қарудың техникалық құжаттамаға (паспорттарға, формулярларға не оның телнұсқаларына) сәйкес келмеуі тұрғысынан тексеру арқылы анықталады.

Герметикалық орамдарға немесе металл мырышқа, олар болған жағдайда, орап салынған патрондарды салыстырып тексеру басылған таңбалауға сәйкес ыдыстың тұтастығын қарап тексеру арқылы жүзеге асырылады, ол туралы түгендеу тізімдемесінде тиісті белгі қойылады. Таңбалау болмаған кезде, оның ішінде ішінара көрсетілген орамдар ашылуы, ал патрондар – бір-бірден қайта саналуы тиіс.

Тексерілген сейфтерге, шкафтарға, пирамидаларға, жәшіктер мен тығындауларға салыстырып тексеру жүргізілген күн көрсетіле отырып, комиссияның төрағасы растаған жазба белгілер салынады.

74-8. Түгендеу тізімдемелеріндегі және нөмірі бойынша есепке алу тізімдемелеріндегі түзетулер мен толықтыруларды түгендеу комиссиясының мүшелері және қару мен патрондардың сақталуына жауапты адамдар растайды.

Тізімдемелер бастапқы түгендеу құжаттары болып табылады, олар тікелей қару мен патрондарды сақтау орындарында (объектілерінде) олардың тексерілуіне қарай толтырылады. Салыстырып тексеру аяқталған соң, толтырылған тізімдемелердің әрбір парағына комиссия мүшелері және қару мен оның патрондарының сақталуына жауапты адам қол қояды.

74-9. Түгендеу процесінде келіп түскен қару мен патрондар жеке тізімдемелерге енгізіледі. Бұл ретте, қарудың пайдалану мақсатын көрсетуге арналған жолда "Түгендеу кезінде келіп түскен қару (патрондар)" деген жазу жазылады, ал "Ескертпе" деген бағанда қарудың кімнен келіп түскені, келіп түскен күні және кіріс (ілеспе, көліктік) құжаттарының нөмірлері көрсетіледі.

74-10. Түгендеу кезінде ұйымның іссапарға кеткен қызметкерлерінде болған қару мен патрондар есептік құжаттар бойынша есепке алынады. Бұл ретте " Ескертпе" деген бағанда берілген күні, оларды қабылдап алған адамдардың тектері мен аты-жөндері және беру негіздері көрсетіледі (ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғалар үшін).

74-11. Қару мен патрондарды түгендеу нәтижелері салыстыру ведомосында көрсетіледі. Ведомосқа комиссияның төрағасы мен мүшелері, сондай-ақ тексерілген қару немесе патрондардың сақталуына жауапты адам қол қояды.

74-12. Қару мен патрондардың жетіспеуі немесе артық болуы фактілері анықталған кезде, түгендеу комиссиясы бұл туралы заңды тұлғаның басшысына дереу хабарлайды.

74-13. Түгендеу қорытындысы бойынша комиссия акт толтырады (еркін нысанда), онда қару мен патрондарды сақтаудың, есепке алудың жай-күйі, жетіспеуі, артық болуы, бүліну және жоғалу фактілері, сондай-ақ анықталған кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстар көрсетіледі.

Актіні комиссия оған қол қойған және ұсынған күннен бастап үш күн мерзімде түгендеу жүргізіліп жатқан заңды тұлғаның басшысы қарайды және бекітеді.

74-14. Акт, түгендеу тізімдемесі, нөмірлік есепке алу тізімдемесі, салыстыру ведомосы және басқа да материалдар ұйымдағы қару мен патрондардың сақталуына жауапты адамның жеке есептік ісінде сақталады.

## 16. Азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алудың, есепке алудың, сақтаудың, алып жүрудің, тасымалдаудың, алып қоюдың және жою тәртібі

75. Осы Ережеге 14-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының 18 жасқа толған азаматтарының тұрғылықты жеріндегі ішкі істер органдарынан қарудың нақты түрін сатып алу үшін рұқсат алғаннан кейін азаматтық қаруды сатып алуға құқығы бар.

Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.11.07. N 1301 ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

76. Азаматтық атыс қаруын, газды тапаншалар мен револьверлерді, электр қаруын, сондай-ақ үрлемелі қуаты 7,5 Дж-дан асатын, 25 Дж-ға дейінгі аңшылық пневматикалық қаруды азаматтар тек қана ішкі істер органдары беретін рұқсаттар бойынша сатып алады.

Ескерту. Сұқпалы аңшылық суық қару ("Пайдалану құқығынсыз уақытша сақтауға" дегеннен басқа) сақтау мен алып жүруге рұқсаттар бойынша сатып алынады және аңшылық куәлігіне жазылады.

Қазақстан Республикасының азаматтарының белгі беру қаруын, механикалық шашыратқыштарды, көзден жас ағызатын немесе тітіркендіргіш заттармен жабдықталған аэрозолдық және басқа да құрылғыларды, үрлемелі қуаты 7,5 Дж-дан аспайтын және калибрі 4,5 мм-ге дейінгі пневматикалық қаруларды қоса алғанда, ішкі істер органдарының рұқсатынсыз сатып алуға құқығы бар.

Ескерту. 76-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.11.11. N 1127, 2007.12.29. N 1370 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.01 № 751 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

77. Ойық ұңғылы аңшылық атыс қаруын (аңшылық карабиндерін, винтовкаларды, құрастырылған мылтықтарды) сатып алуға, сақтау мен алып жүруге рұқсатты ішкі істер органдары белгіленген тәртіппен аң аулауға құқық берілген меншігінде кемінде үш жыл тегіс ұңғылы ұзын ұңғылы аңшылық атыс қаруы бар Қазақстан Республикасының азаматтарына береді.

Ойық ұңғылы аңшылық атыс қаруын сатып алудың, сақтау мен алып жүрудің рұқсатына Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі, оның орынбасарлары, ІІД бастықтары қол қояды.

Ескерту. 77-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.12.29. N 1370 ( ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

78. Ішкі істер органдарынан ойық ұңғылы аңшылық атыс қаруын сатып алуға рұқсат алу үшін Қазақстан Республикасының азаматтары мынадай құжаттарды:

1) толтырылған карточка-өтінішті;

2) аңшылық куәлікті (аң аулау құқығын беретін мемлекеттік баж төленгені туралы белгісі бар);

3) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген қару ұстауға қарсылық жоқ екені туралы медициналық қорытынды;

4) Қазақстан Республикасының азаматтығын растайтын құжаттың көшірмесін ;

5) қаруды қауіпсіз ұстаудың ережелерін білетіндігін тексеру туралы анықтаманы;

6) тегіс ұңғылы аңшылық қару бұл адамның заңды иелігінде кемінде үш жыл болғандығын растайтын, ішкі істер органы берген қаруды сақтау мен алып жүруге рұқсаттың көшірмесін ұсынады.

Ескерту. 78-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.12.29. N 1370 ( ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.01 № 751 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

79. Ішкі істер органдарынан аңшылық атыс, пневматикалық, газды және электр қаруын сатып алуға рұқсат алу үшін Қазақстан Республикасының азаматтары мынадай құжаттарды:

1) толтырылған карточка-өтінішті;

2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген қару ұстауға қарсылық жоқ екені туралы медициналық қорытынды;

3) Қазақстан Республикасының азаматтығын растайтын құжаттың көшірмесін ;

4) қаруды қауіпсіз ұстаудың ережелерін білетіндігін тексеру туралы анықтаманы ұсынады.

Ескертпе. Азаматтық және қызметтік қару айналымы саласын бақылау жөніндегі бөлімшелердің қызметкерлері, сондай-ақ учаскелік полиция инспекторлары "Жекелеген қару түрлері айналымын мемлекеттік бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес азаматтық қаруды сатып алуға рұқсат беру, сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге рұқсатты ұзарту кезінде міндетті түрде азаматтардың тұрғылықты жері бойынша қарудың сақталу жағдайларын, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеттің есептері бойынша сотты болуын, экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есептері бойынша тексереді, сондай-ақ автоматтандырылған деректер банкінің деректері бойынша ойық ұңғылы атыс қаруларының бақылау атыс оқтары мен гильзаларының болуын және уақтылы ауыстырылуын (тексеру атысының қайталану кезеңі — 5 жылда бір рет) тексереді.

Ескерту. 79-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.11.14 № 1198 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа кейін енгізіледі) қаулысымен.

80. Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілері, өртке қарсы қызмет органдарын қоспағанда, арнайы атақтары және (немесе) сыныптық шендері бар арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері азаматтық қаруды сатып алуға рұқсатты қару ұстауға қарсы көрсетімдердің жоқ екені туралы медициналық қорытындыны тапсырмай-ақ алады.

Ескертпе. Қазақстан Республикасының азаматтары өзін-өзі қорғау мақсатында азаматтардың денсаулығын сақтау саласына басшылық етуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқарушы органының тиісті нормаларына сәйкес аңшылық куәлігінсіз тұрғылықты жеріндегі ішкі істер органдары беретін рұқсаттар бойынша алып жүру құқығынсыз ұзын ұңғылы атыс қаруларын сатып алуға құқығы бар.

Қазақстан Республикасының азаматтары қаруды "Жекелеген қару түрлерінің айналымын мемлекеттік бақылау туралы" 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабына сәйкес пайдалана алады.

Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.11.14 № 1198 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа кейін енгізіледі) қаулысымен.

81. Қазақстан Республикасының аумағында кемінде бір жыл мерзімге тұру үшін белгіленген тәртіппен ішкі істер органдарында тіркелген шетелдіктердің өздері азаматтары болып табылатын мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің қолдаухаттары бойынша жалпы негіздерде Қазақстан

Республикасында газды тапаншалар мен револьверлерді сатып алуға, алып жүруге және сақтауға құқығы бар.

Қазақстан Республикасының аумағында тұру үшін белгіленген тәртіппен ішкі істер органдарында тіркелген шетелдіктер жеткізіп беруші заңды тұлғалардан механикалық шашыратқыштар, көзден жас ағызатын немесе тітіркендіретін заттар толтырылған аэрозольді және басқа құрылғыларды, үрлемелі қуаты 7,5 Дж-дан аспайтын және калибрі 4,5 мм-ге дейінгі пневматикалық қаруды рұқсат алмай-ақ сатып алады.

Ескерту. 81-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.12.29. N 1370 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - 2014.11.14 № 1198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа кейін енгізіледі) қаулыларымен.

82. Туристік жолдамалар, жеке және қызметтік істері бойынша Қазақстан Республикасына келген және Қазақстан Республикасының аумағында тұру үшін белгіленген тәртіпте ішкі істер органдарында тіркелген шетелдіктер азаматтық қаруды, өздері сол елдердің азаматтары болып табылатын мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің өтініштері бойынша, оны сатып алған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге әкететін жағдайда Қазақстан Республикасының Ішкіісмині беретін рұқсаттар бойынша жалпы негізде сатып алады.

83. Қазақстан Республикасында тіркелген елшіліктердің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық қызметкерлеріне азаматтық қаруды мемлекетаралық шарттарда белгіленген жағдайлар мен тәртіпте әкелуге, сатып алуға және әкетуге рұқсат беріледі. Бұл ретте әкелінетін, сатып алынатын және әкетілетін азаматтық қарулар міндетті түрде Қазақстан Республикасының Ішкіісминінде тіркелуі тиіс.

84. Шетелдіктердің өздері әкелген азаматтық қаруды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте сыйға тарту немесе сату құқығы сақталады.

Шетелдіктер тиісті рұқсат алу үшін мемлекеттік баж төлейді.

Ескерту. 84-тармақ өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.11.11. N 1127 қаулысымен.

85. Азаматтарға азаматтық қаруды сатып алуға рұқсатты ішкі істер органдары , төлқұжатын немесе жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен жағдайда үш ай мерзімге береді. Пайдаланылмаған рұқсаттар азаматтардың жазбаша өтініші бойынша көрсетілген мерзімге кемінде бір рет ұзартылады не ішкі істер органы олардың күшін жояды.

Ескерту. 85-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.12.29. N 1370 ( ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

86. Азаматтық атыс қаруының немесе газды тапаншалар мен револьверлердің патрондарын азаматтар тиісінше нақты қару түрін сақтауға немесе сақтауға және алып жүруге ішкі істер органдарының рұқсатын көрсеткенде дүкендерден сатып алады. Аңшылық оқ-дәріні тегіс ұңғылы аңшылық қаруды сақтауға немесе сақтауға және алып жүруге ішкі істер органының рұқсаты бар болған жағдайда сатып алынады.

Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.12.29. N 1370 ( ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

87. Сатып алынған азаматтық қару сатып алған күнінен бастап жеті күн мерзімде оны сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге ішкі істер органдары бес жыл мерзімге беретін рұқсатты ала отырып, иесінің тұрғылықты мекенжайы бойынша осы Ережеге 12-қосымшаға сәйкес ішкі істер органында тіркеледі.

Ескерту. 87-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.11.07. N 1301 ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

88. Азаматтарға тиесілі қаруды тіркеу және қайта тіркеу үшін салық заңнамасында белгіленген мөлшерде мемлекеттік баж алынады.

Иесінің тұрғылықты жері өзгергенде, егер қаруды сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге бұрын берілген рұқсаттың мерзімі аяқталмаған болса, қаруды ішкі істер органына есепке қою кезінде төлем алынбайды.

Ескерту. 88-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.12.29. N 1370 ( ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

89. Азаматтық қаруды сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге рұқсатты алу үшін ішкі істер органына:

1) көлемі 3х4 см екі фотосурет;

2) қаруды тіркеу (қайта тіркеу) үшін мемлекеттік бажды және қаруды сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге рұқсат беру үшін төлегені туралы түбіршектер;

3) қаруды иемдену көзін көрсететін құжат (рұқсаттың төлнұсқасы немесе өтініш) ұсынылады.

Ескерту. 89-тармақ өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.11.11. N 1127 қаулысымен.

90. Қаруды сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсаттың қолданылу мерзімін ұзарту үшін қару иесі техникалық байқаудан өткізу үшін қолындағы қаруды

және мынадай құжаттарды ұсына отырып, жергілікті ішкі істер органына өтініш білдіреді:

1) тегі, аты, әкесінің аты, тұрғылықты мекен-жайы, қарудың жүйесі, калибрі мен нөмірі, оның сақталуын қамтамасыз ету жағдайын: сейфтің немесе металл шкафтың немесе қаруға бөгде адамдардың қол жеткізуін болдырмайтын өзге де құрылғының болуы көрсетілген рұқсаттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы ішкі істер органы бастығының атына өтінішті;

2) қарудың әр бірлігін қайта тіркеу үшін мемлекеттік баж төленгені туралы түбіршекті;

3) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген қару ұстауға қарсылық жоқ екені туралы медициналық қорытындыны және Қазақстан Республикасының азаматтығын растайтын құжаттың көшірмесін;

4) қаруды қауіпсіз ұстау ережелерін білуі бойынша қайта даярлау туралы анықтаманы ұсына отырып, жергілікті ішкі істер органына өтініш білдіруге міндетті.

Ескерту. Қаруды сақтау, сақтау мен алып жүру құқығын беретін рұқсаттың қолданылу мерзімі әрдайым бес жылға ұзартылады.

Ескерту. 90-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.12.29. N 1370 ( ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.01 № 751 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2014.11.14 № 1198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа кейін енгізіледі) қаулыларымен.

91. Қару мен оның патрондары иелерінің тұрғылықты тұратын жерінде еденге немесе қабырғаға берік бекітілген, қабырғаларының қалыңдығы кемінде 3 мм болатын және есігінде ішкі құлпы бар металл шкафта (сейфте) сақталады. Қаруды тұрғын бөлмелердің қабырғаларына ілуге жол берілмейді.

Қалалық елді мекендерде (республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар, сондай-ақ оларға әкімшілік бағынысты аумақтағы кенттер) азаматтық қару иесінің тұрақты тұратын жері (пәтер, жеке үй) электр желісіне және қосалқы электрмен қоректендіру көзіне тұрақты (тұрақты және қосалқы қоректендіру көзінің болуы) үй-жайларды күзетудің сертификатталған жүйесімен (дабыл сигналын меншік иесінің немесе оның отбасы мүшелерінің ұялы телефонына немесе күзет ұйымына беру мүмкіндігі бар сигнализация) жабдықталады.

Қару иесінің қалауы бойынша қаруды тікелей сақтау жүзеге асырылатын бөлмелерді немесе металл шкафты (сейфті) ғана сигнализациямен жабдықтауға жол беріледі.

Күзет дабылының түрі мен типін қару иесі айқындайды.

Каруды иесінің тұрақты тұратын жерінен тысқары жерлерде (жеке үй, пәтер, бақтағы, саяжайдағы үй, гараж, монша, балкон, лоджия, сарай, вагон, лашық, шатыр), сондай-ақ жатақханаларда (бір отбасының мүшелері жеке бөлмеде тұратын отбасылық жатақханаларды қоспағанда), уақытша вахталық үй-жайларда, жайылым учаскелерінде, фермерлік және шаруа қожалықтарында, туысқандарында, таныстарында сақтауға жол берілмейді.

Қару иесі ұзақ уақыт (үш айдан астам) болмаған кезеңде (іссапар, демалыс, емделу, әскери қызмет өткеру) қару иесінің тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарына қару уақытша сақтауға тапсырылуы қажет.

Азаматтық тегіс ұңғылы қарудың жалпы саны 500 данадан аспайтын, азаматтық ойық қарудың ойық қарудың әрбір бірлігіне 100 данадан аспайтын, газдық қарудың 50 данадан аспайтын патрондарын, 500 граммнан аспайтын аңшылық оқ-дәріні қарумен бірге сақтауға жол беріледі.

Азаматтық тегіс ұңғылы қарудың жалпы саны 500 данадан асатын, бірақ 1000 данадан аспайтын патрондары жеке металл шкафта (сейфте) сақталады.

Сейфте қарумен бірге бөгде заттарды (сақталатын қарудың алынатын және ауыстырылатын аксессуарларын қоспағанда), оның ішінде ақша купюраларын, бағалы қағаздарды, зергерлік бұйымдарды, сондай-ақ сақтауға, сақтауға және алып жүруге рұқсаты жоқ қарудың басқа түрінің патрондарын сақтауға жол берілмейді.

Ескерту. 91-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.05.2017 № 260 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

92. Көліктің барлық түрлерімен алып жүру немесе тасымалдау кезінде қару оқталмаған күйде қабына салынуы тиіс. Қаруды алып жүру немесе тасымалдау кезіндегі барлық жағдайларда иесі бір мезгілде қаруды алып жүрудің рұқсаты болып табылатын, ішкі істер органының оны сақтау мен алып жүруге берген рұқсатын өзімен бірге алып жүруге міндетті. Қаруды сақтаудың, алып жүрудің, тасымалдаудың және пайдаланудың белгіленген ережелерін бұзғаны үшін кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапқа тартылады.

Аңшылық суық қару қапталған күйде тек қана аңшылық куәлігі болған жағдайда тасымалданады.

Ескерту. 92-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.12.29. N 1370 ( ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

93. Қаруды сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсаттардың қолданылуын тоқтата тұру, қалпына келтіру және тоқтату, сондай-ақ оларды беруден бас тарту "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 19-бабының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 93-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.11.14 № 1198 ( 21.11.2014 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

94. Қаруды сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсаттардың қолданылуын тоқтата тұру, қалпына келтіру және тоқтату туралы дәлелді қорытынды шығарылады, оны ішкі істер органының бастығы бекітеді. Қорытындыда мұндай шешім қабылдаудың негіздері мен дәлелдері жазылады.

Ескерту. 94-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.11.14 № 1198 ( 21.11.2014 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

95. Рұқсаттың қолданылуын тоқтата тұрған, тоқтатқан кезде, ол қару мен оның патрондарымен бірге алынып қойылады. Ішкі істер органдарының жолдамасы бойынша қару иелері немесе олардың заңды өкілдері алынып қойылған қару мен оның патрондарын комиссиялық сатуға тапсырады не қаруды сатып алуға немесе сақтау мен алып жүруге ішкі істер органдарының рұқсаты бар адамның иелігіне берілуі мүмкін.

Ескерту. Қылмыстық істер бойынша айып тағылған адамдардың қару мен оның патрондары рұқсатпен бірге алынып қойылады және тергеу органдарының немесе соттық қылмыстық іс бойынша түпкілікті шешіміне дейін ішкі істер органдарында сақталады. Егер аталған адамға қатысты қылмыстық іс тоқтатылған болса немесе сот ақтау үкімін шығарса, оған қаруы мен оның патрондары, қаруды сақтау немесе сақтау мен алып жүру рұқсаты қайтарылады.

Ескерту. 95-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.12.29. N 1370 ( ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2014.11.14 № 1198 (21.11.2014 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

96. Ішкі істер органдары:

ұңғысының немесе ұңғылы корапшасымен қоса, ұңғысының ұзындығы 500 мм-ге жетпейтін және қарудың жалпы ұзындығы 800 мм-ге жетпейтін, сондай-ақ конструкциясы оның ұзындығын 800 мм-ге жетпейтін етіп жасауға мүмкіндік беретін және сонымен бірге бұл ретте ату мүмкіндігі жойылмайтын ұзын ұңғылы атыс қаруын;

оқты түйдектете атуға мүмкіндік беретін азаматтық атыс қаруын;

нөмірі жоқ, қолдан жасалған немесе нөмірлері қисайған атыс қаруын сатып алуға, сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге рұқсаттар бермейді.

97. Азаматтық қарудың иесі қайтыс болған жағдайда отбасы мүшелері бір айлық мерзімде бұл қаруды қайта тіркеуге немесе комиссиялық өткізуге тапсыруға міндетті немесе олар оны азаматтық қаруды сатып алуға ішкі істер органдарының рұқсаты бар адамға бөлек беруі тиіс. Мұраға қалдыру, сыйға тарту Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

98. Ішкі істер органдарында қаруды бір адамнан екінші адамға тапсыруға құжаттар ресімдеуге рұқсат беріледі. Мұның өзі, рұқсат ету жүйесін жүзеге асыратын ішкі істер органының қызметкері қару иесінің және қарудың бұл түрін сатып алуға ішкі істер органының рұқсаты бар адамның қатысуымен, тапсырылатын қарудың есепке алынған жерінде жүргізеді. Мұндай жағдайда тапсырылатын қарудың маркасы, калибрі мен нөмірі рұқсат қағазға және сатып алу рұқсатының төлнұсқасына жазылады. Жазбаларды ішкі істер органының бастығы қол қойып және "Лицензиялық-рұқсат ету жүйесі" деген бедері бар арнайы мөрмен куәландырады. Рұқсаттың төлнұсқасы қаруды тұрғылықты жерінде есепке қою үшін жаңа иесіне қайтарылады. Сонымен бір мезгілде, қаруды тапсыруды жүргізудің негізінде қаруды есептен шығару туралы тиісті жазбалар қару иелерін есепке алу журналына енгізіледі.

Ескерту. 98-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.12.29. N 1370 ( ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

99. Қарудың иесі тұрғылықты жерін өзгерткен кезде қаруды ішкі істер органының есебінен шығарады және оны он күн мерзімде жаңа тұрғылықты жері бойынша тиісті есепке қоюды, ал бір ауданның не ауданға бөлінбейтін қаланың шегінде тұрғылықты жерін өзгерткен кезде ол туралы аумақтық ішкі істер органына бес күн мерзімде хабарлайды.

Ескерту. 99-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 751 ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

100. Қарудың техникалық күйін анықтау жөніндегі комиссия қаруды жарамсыз (жөндеуге келмейді) деп тапса, қару тіркелмейді (қайта тіркелмейді) және дереу қару айналымын бақылау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жойылуы тиіс.

Ескерту. Қарудың техникалық күйін анықтау жөніндегі комиссия ішкі істер органында құрылады, оның құрамы 3-4 адамнан: ішкі істер органының рұқсат ету жүйесін жүзеге асыраушы қызметкерінен, криминалистен, қару шебері-техниктен тұрады және ІІД (К) бастығының бұйрығымен бекітіледі.

Азаматтардың ішкі істер органдарына ұсынған қаруды тіркеу (қайта тіркеу) кезінде оның техникалық күйін анықтау үшін қаруға тексеру жүргізу комиссияның міндеті болып табылады. Жұмыс барысында комиссия аңшылық атыс қаруының техникалық санатталу нормаларын басшылыққа алады.

Алынып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қару мен оқ-дәрілердің ішкі істер органдарында сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс тәртібін Қазақстан Республикасының Ішкіісмині белгілейді.

Ескерту. 100-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.12.29. N 1370 ( ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

101. Қару жоғалған немесе ұрланған жағдайда иесі ол туралы ішкі істер органына бір күн мерзімде хабарлауға міндетті.

Жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның патрондарын, сондай-ақ суық қаруды сатып алудың, сақтаудың, алып жүрудің және тасымалдаудың тәртібі заңнамада белгіленеді.

Ескерту. 101-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.12.29. N 1370 ( ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.01 № 751 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

## 17. Марапаттық қаруды сатып алу, сақтау және алып қою тәртібі

Ескерту. 17-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.11.14 № 1198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа кейін енгізіледі) қаулысымен.

102. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде Қазақстан Республикасының азаматтары алған қысқа ұңғылы ойық атыс қаруы марапаттық қаруға жатады.

Қазақстан Республикасының азаматтары шет мемлекеттер басшыларының, шет мемлекеттер үкіметтерінің басшылары мен мүшелерінің марапаттау құжаттары негізінде марапаттық қару алуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының азаматтарына марапаттық қаруды сақтау мен алып жүруге рұқсатты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі береді.

Түйдектете атуға мүмкіндік беретін, сыйымдылығы 10 патроннан асатын оқжатары (барабаны) бар, сондай-ақ "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңымен тыйым салынған қару марапаттық қаруға жатпайды.

Азаматты қысқа ұңғылы ойық атыс қаруымен марапаттауға бастамашылық еткен мемлекеттік органдар (атауын, моделін, калибрін, сериясы мен нөмірін көрсете отырып) марапаттау туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығының, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобаларын өздері әзірлейді.

Ескерту. 102-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.11.14 № 1198 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа кейін енгізіледі) қаулысымен.

102-1. Марапаттық қысқа ұңғылы ойық атыс қаруын беру Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қаруынан құрылған марапаттау қорынан жүзеге асырылады.

Ескерту. Ереже 102-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2014.11.14 № 1198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа кейін енгізіледі) қаулысымен.

103. Марапаттық атыс (суық) қаруы бар адамдарға Қазақстан Республикасы Ішкіісмині қарудың қолданылу мерзімін көрсетпей, "марапаттық" деген белгісі бар сақтау және алып жүруге рұқсаттар береді.

Марапаттық қаруды сақтау мен алып жүрудің рұқсаты бір мезгілде оны тасымалдаудың рұқсаты болып табылады.

104. Марапаттық атыс (суық) қаруы жеті күндік мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Ішкіісминінде тіркеліп, оны сақтау мен алып жүрудің рұқсаты алынуы тиіс.

105. Марапаттық қаруды сақтауға рұқсат алу үшін Қазақстан Республикасының Ішкіісминіне мынадай құжаттар:

1) толтырылған өтініш-карточка;

2) қарумен марапаттау туралы құжаттың түпнұсқасы немесе нотариалды тәртіппен куәландырған көшірмесі;

3) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген қару ұстауға қарсылық жоқ екені туралы медициналық қорытындыны;

4) Қазақстан Республикасының азаматтығын растайтын құжаттың көшірмесі;

5) қаруды қауіпсіз ұстаудың ережелерін білетіндігін тексеру туралы анықтама ;

6) <*>

7) қару мен оның патрондарын сақтауға және алып жүруге рұқсат берілу үшін мемлекеттік баждың төленгені туралы түбіртек;

8) көлемі 3x4 см екі фотосурет ұсынылады.

Ескерту. 105-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.11.11. N 1127, 2007.12.29. N 1370 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.01 № 751 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

105-1. Марапаттық қаруды сақтау осы Ереженің 91-тармағының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. Ереже 105-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2014.11.14 № 1198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа кейін енгізіледі) қаулысымен.

105-2. Марапаттық қысқа ұңғылы ойық атыс қаруы оны сақтауға және алып жүруге рұқсат ішкі істер органдарында ресімделерден бұрын, кейіннен әрбір бес жылдан кейін атып тексеріледі.

Ескерту. Ереже 105-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2014.11.14 № 1198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа кейін енгізіледі) қаулысымен.

106. Лауазымды адамдардан алынған, осы Ереженің 102-тармағында көрсетілмеген атыс (суық) қаруы марапаттық қару қатарына жатпайды және аумақтық ішкі істер органына:

1) әскери қол атыс және суық қару - оны берген тиісті ведомствоға кейіннен табыс ету арқылы тегін тапсырылуы тиіс;

2) аңшылық қару - осы Ережелердің 77-80 және 89-тармақтарына сәйкес оны сақтау мен алып жүруге рұқсат беру арқылы тіркелуі немесе оны сатып алу рұқсаты бар адамға бөлек берілуі мүмкін.

Ескерту. Марапаттық қаруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтарының "Жекелеген қару түрлері айналымын мемлекеттік бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енгенге дейін атаулы қарумен марапаттау құқығы болған лауазымды адамдардың, өкілді және атқарушы органдардың бұйрықтары негізінде алынған, заңнамада белгіленген тәртіпте оны алып жүру мен сақтауға ішкі істер органдарының рұқсаты бар қарулар жатады.

107. Марапаттық қаруды ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес сақтаудың, тасымалдаудың және пайдаланудың ережелерін бұзғаны үшін азаматтардан алып қоюы мүмкін.

108. Марапаттық атыс (суық) қарудың иесі қайтыс болған жағдайда аталған қару бір айлық мерзімде ішкі істер органдарына өткізіледі.

109. Марапаттық қару ішкі істер органдары оны тиісінше қайта тіркеп, қайта жасағаннан кейін сақтау үшін мұражайларға тапсырылуы мүмкін.

## 18. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, Қазақстан Республикасының аумағынан әкету және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу тәртібі

Ескерту. 18-тарау жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 909 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

110. Осы тараудың талаптары:

1) қаруды, оның негізгі (құрама) бөлшектері мен патрондарын Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, арнаулы мемлекеттік

және құқық қорғау органдарының мұқтаждығы үшін әкелу және (немесе) әкету кезінде;

2) 1899 жылдың соңына дейін жасалған атыс, лақтырылатын және пневматикалық қаруды (ортадан соққылайтын унитарлық патрондармен атуға арналған атыс қаруын қоспағанда) және 1945 жылдың соңына дейін жасалған суық қаруды әкету кезінде қолданылмайды.

111. Азаматтық және қызметтік қаруды, оның негізгі (құрама) бөлшектері мен патрондарын (бұдан әрі – қару) әкелу, әкету және транзиттеу Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 шешімімен бекітілген нысан бойынша жасалған қорытынды (рұқсат құжаты) (бұдан әрі – қорытынды) болған кезде жүзеге асырылады.

Қаруды уақытша әкелуге (уақытша әкетуге) қорытынды қаруды кері әкетуге ( әкелуге) арналған рұқсат құжаты болып табылады.

112. Заңды тұлғаларға қаруды әкелуге немесе әкетуге арналған қорытындылар қаруды жеткізу шартында (келісімшартта) айқындалған, бірақ күнтізбелік бір жылдан артық емес мерзімге беріледі.

113. Қаруды әкелу, әкету құқығына қорытындыларды ресімдеу кезіндегі жалпы талаптар:

1) ұйым басшысының (жеке тұлғаның) өтініші, онда қару мен оның патрондарының саны, әкелуге (әкетуге) жауапты адамның (жеке тұлғаның) тегі, аты-жөні, паспортының немесе жеке куәлігінің сериясы мен нөмірі, қару мен оның патрондары әкелінетін мемлекет, әкелу жүзеге асырылатын кеден пункті ( шекарадан өту пункті) көрсетіледі;

2) Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде Кеден одағына мүше мемлекеттер үшінші елдермен саудада әкелуге немесе әкетуге тыйым салулар немесе шектеулер қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген жекелеген тауарларды әкелуге, әкетуге және транзиттеуге қорытындыны толтырудың бірыңғай нысанын толтыру жөніндегі әдістемелік нұсқауларға сәйкес ресімделген қорытындының жобасы;

3) қаруды әкелу немесе әкету құқығына қорытынды бергені үшін мемлекеттік баждың төленуі.

Заңды тұлғалар үшін қосымша:

1) сәйкестік сертификаты немесе қаруды Қазақстан Республикасының аумағына әкелгеннен кейін сертификаттау жүргізуге арналған шарт;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама болуы қажет.

Жеке тұлғалар үшін қосымша жеке басын куәландыратын құжаттар немесе жеке басын куәландыратын құжаттардың мәліметтері (сериясы, нөмірі, қашан

және кімнің бергені, жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты мекенжайы) болуы қажет.

113-1. Заңды тұлғаларға қаруды сату үшін әкелуге қорытындыны ресімдеу кезінде қосымша мыналардың болуы қажет:

1) тауарды импорттаушының азаматтық және қызметтік қарудың, оның негізгі (құрамдас) бөлшектері мен патрондарының "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5 және 6-баптарында көрсетілген пайдаланушыларға сатылатыны туралы кепілхат.

Егер қару мен патрондардың импорты кезінде Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, арнаулы және құқық қорғау органдары соңғы тұтынушылар болып табылған жағдайда импортқа лицензия ресімдеу " Экспорттық бақылауға жататын өнімнің номенклатурасын (тізімін) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 5 ақпандағы № 104 қаулысымен бекітілген "Әскери қолданылатын (мақсаттағы) тауарлар мен технологиялар" деген бөлімді ескере отырып, әскери мақсаттағы өнім ретінде жүзеге асырылады.

2) уәкілетті ішкі істер органы берген азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасына лицензия;

3) қарудың нақты түрлері, типтері, модельдері, саны көрсетілетін ерекшелігі қоса берілген қаруды жеткізу шарты (келісімшарты);

4) қаруды сатып алу құқығына рұқсат;

5) қарудың атауы мен моделінің белгісі, негізгі техникалық көрсеткіштері, қаруды шығарған елдің және фирманың атауы туралы ақпарат, оның түрлі-түсті фотосуреті;

6) жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс, газды қарудың, электр қаруының, сондай-ақ жарақат салатын патрондардың зақымдаушы факторларының адам ағзасына тигізетін шекті әсері туралы денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган берген қорытындының не қаруды әкелгеннен кейін адам ағзасына тигізетін шекті әсер нормаларына сәйкестігіне медициналық-биологиялық сынақтар өткізілгені туралы кепілхат болуы қажет.

113-2. Заңды тұлғаларға қаруды сату үшін әкетуге қорытындыны ресімдеу кезінде қосымша:

1) уәкілетті ішкі істер органы берген азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасына лицензия;

2) қарудың нақты түрлері, типтері, модельдері, саны көрсетілетін ерекшеліктері қоса берілген қаруды жеткізу шарты (келісімшарты);

3) қарудың атауы мен моделінің белгісі, негізгі техникалық көрсеткіштері, қаруды шығарған елдің және фирманың атауы туралы ақпарат, оның түрлі-түсті фотосуреті;

4) оны әкелу болжанып отырған мемлекеттің құзыретті органы берген қаруды әкелуге рұқсат құжаты;

5) шет мемлекеттің уәкілетті мемлекеттік органының осы қарудың тек бейбіт мақсатта пайдаланылатыны және басқа елдерге экспортталмайтыны туралы жазбаша кепілдік міндеттемесі болуы қажет.

113-3. Қару саудасына лицензиясы бар заңды тұлғаларға қарудың сәйкестігін растау, медициналық-биологиялық зерттеулер жүргізу, жөндеу, ауыстыру, қайтару мақсатында сынақтарды жүргізу үшін әкелуге (әкетуге), сондай-ақ көрмелерге қатысу үшін уақытша әкелуге (әкетуге) қорытындыны ресімдеу кезінде қосымша:

1) уәкілетті ішкі істер органы берген азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасына лицензия;

2) қарудың нақты түрлері, типтері, модельдері, саны көрсетілетін ерекшеліктері қоса берілген қаруды жеткізу шарты (келісімшарты);

3) қаруды сатып алу құқығына рұқсат;

4) қарудың атауы мен моделінің белгісі, негізгі техникалық көрсеткіштері, қаруды шығарған елдің және фирманың атауы туралы ақпарат, оның түрлі-түсті фотосуреті;

5) оны әкелу болжанып отырған мемлекеттің құзыретті органы берген қаруды әкелуге рұқсат құжаты болуы қажет.

113-4. Қарудың сәйкестігін растау, медициналық-биологиялық зерттеулер жүргізу, жеке пайдалану үшін сатып алу, жөндеу, ауыстыру, қайтару мақсатында жеке тұлғаларға қаруды әкелуге қорытындыны ресімдеу кезінде қосымша:

1) қаруды сатып алу құқығына рұқсат;

2) сәйкестік сертификаты немесе қаруды Қазақстан Республикасының аумағына әкелгеннен кейін сертификаттау жүргізу шарты (тек жеке пайдалану үшін сатып алған кезде);

3) жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс, газды қарудың, электр қаруының, сондай-ақ жарақат салатын патрондардың зақымдаушы факторларының адам ағзасына тигізетін шекті әсері туралы денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган берген қорытындының не қаруды әкелгеннен кейін адам ағзасына тигізетін шекті әсер нормаларына сәйкестігіне медициналық-биологиялық сынақтар өткізілгені туралы кепілхат (тек жеке пайдалану үшін сатып алған кезде);

4) қарудың жөндеу, ауыстыру, қайтару үшін (тек жөндеу, ауыстыру, қайтару үшін) әкелінгенін растайтын құжат (шарт, хат) болуы қажет.

113-5. Жеке тұлғаларға қаруды жөндеу, ауыстыру, қайтару үшін әкетуге қорытындыны ресімдеу кезінде қосымша:

1) қаруды әкелу болжанып отырған мемлекеттің құзыретті органы берген қаруды әкелуге рұқсат құжаты;

2) әкетілуі көзделген қаруды сақтау құқығына немесе сақтау және алып жүру рұқсаты;

3) қарудың жөндеу, ауыстыру, қайтару үшін әкетілетінін растайтын құжат ( шарт, хат) болуы қажет.

113-6. Шетелдік заңды тұлғаларға немесе шетелдіктерге (спорт ұйымдарына немесе спортшыларға) спорттық іс-шараларға қатысу үшін қаруды уақытша әкелуге арналған қорытындыны ресімдеу кезінде қосымша:

1) халықаралық спорттық жарыстарға немесе оқу-жаттығу жиындарына қатысуға шақыру;

2) қару мен оның патрондарының нақты түрінің спортшыға бекітілгені туралы ақпарат (тізім);

3) әкелінетін қаруды сақтау үшін жағдайлардың барын растайтын құжаттама ( үй-жайды жалға алу шарты, қаруды сақтауға рұқсат) болуы қажет.

113-7. Заңды немесе жеке тұлғаларға (спорт ұйымдарына немесе спортшыларға) спорттық іс-шараларға қатысу үшін қаруды уақытша әкетуге арналған қорытындыны ресімдеу кезінде қосымша:

1) халықаралық спорттық жарыстарға немесе оқу-жаттығу жиындарына қатысуға шақыру;

2) қаруды әкелу болжанып отырған мемлекеттің құзыретті органы берген қаруды әкелуге рұқсат құжаты;

3) спорт ұйымы басшысының қарудың нақты түрін спортшыға бекіту туралы бұйрығы;

4) әкетілуі көзделген спорт қаруын сақтау құқығына рұқсат;

5) спорт ұйымы басшысының спортшыны(ларды) іссапарға жіберу туралы тиісті бұйрығы болуы қажет.

113-8. Шетелдіктерге аңшылыққа қатысу үшін аңшылық атыс қаруының бірлі-жарым даналарын (екі бірліктен артық емес), олардың патрондары мен аңшылық пышақтарды уақытша әкелуге қорытындыны ресімдеу кезінде қосымша:

1) аңшылық шаруашылығы ұйымының шетелдік аңшымен аң аулауға жасасқан шарты;

2) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті органмен келісілген аңшылық алқаптарды бекітіп беру туралы облыстық атқарушы органның шешімі;

3) аңшылық атыс және суық қаруды әкелуге (әкетуге) қорытынды алуға арналған сенімхат;

4) шетелдік аңшының жеке басын куәландыратын құжаттар (паспорт) болуы қажет.

Өтінішпен мүдделі аңшылық шаруашылығы ұйымы жүгінеді, онда әкелінетін патрондар саны, шетелдіктің паспортының немесе жеке куәлігінің сериясы мен нөмірі қосымша көрсетіледі.

Өтініш уәкілетті орман және аңшылық шаруашылығы органының облыстық аумақтық органымен келісіледі.

113-9. Жеке тұлғаларға аңшылық атыс қаруының бірлі-жарым даналарын (екі бірліктен артық емес), олардың патрондары мен аңшылық пышақтарды уақытша әкетуге қорытындыны ресімдеу кезінде қосымша:

1) аң аулау жүзеге асырылатын мемлекеттің заңнамасында көзделген аң аулауға қатысуын растайтын (қызметтер көрсету туралы шарт немесе шақыру және т.б.) құжат;

2) қаруды әкелу көзделіп отырған мемлекеттің құзыретті органы берген қаруды әкелуге рұқсат құжаты;

3) әкетілуі көзделген аңшылық қаруды сақтау құқығына рұқсаты болуы қажет .

Жеке тұлға Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге аң аулауға қатысу үшін шыққан кезде аңшылық қару мен оның патрондарын уақытша әкетуге (әкелуге) қорытынды ресімделмейді.

Бұл ретте, жеке тұлға (аңшы) қаруды әкеткенге дейін кемінде 10 күн бұрын қару тіркелген аумақтық ішкі істер органына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген аң аулауға қатысуын растайтын құжатты (қызметтер көрсету туралы шарт немесе шақыру) ұсынады.

Жеке тұлға аңшылыққа қатысу кезінде пайдалану үшін әкеткен азаматтық қару көрсетілген азаматтық қару тіркелген мүше мемлекетке әкелуге арналған рұқсат құжаттың жарамдық мерзімі аяқталғанға дейін әкелінуі тиіс.

Құзыретті органдардың азаматтық қаруды аңшылыққа қатысу кезінде пайдалану үшін әкелуге рұқсат құжаттарын беру мерзімі күнтізбелік 15 күннен аспауы тиіс.

113-10. Басқа мемлекетке тұрақты тұруға кететін жеке тұлғаларға азаматтық қаруды, оның патрондарын әкетуге қорытындыны ресімдеу кезінде қосымша:

1) қаруды әкету жүзеге асырылатын мемлекеттің заңнамасында көзделген тұрақты тұруға кететінін растайтын құжат;

2) қаруды әкету болжанып отырған мемлекеттің құзыретті органы берген қаруды әкелуге рұқсат құжаты;

3) әкету болжанып отырған аңшылық қаруды сақтау құқығына рұқсат болуы қажет.

113-11. Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келетін жеке тұлғаларға қару мен оның патрондарын әкелуге қорытындыны ресімдеу кезінде қаруды әкетуге рұқсат құжаты қосымша болуы қажет.

Әкелінгеннен кейін қару ішкі істер органына жауапты сақтауға тапсырылады, ал оны тіркеу осы Ережеде көзделген жалпы негіздерде жүргізіледі.

113-12. Қазақстан Республикасының азаматы марапаттық қаруды әкелуге арналған қорытындыны ресімдеу кезінде үшінші мемлекеттер басшыларының және үшінші мемлекеттердің үкімет басшыларының марапаттық құжаттары қосымша болуы қажет.

113-13. Шетелдіктерге марапаттық қаруды әкетуге қорытындыны ресімдеу кезінде әкетілетін қарумен марапаттау туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы қосымша болуы қажет.

114. Жеке тұлғаларға азаматтық қарудың бірлі-жарым даналары (екі бірліктен артық емес) мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге арналған қорытындыны ресімдеу кезінде мыналар болуы қажет:

1) азаматтық қарудың бірлі-жарым даналары (екі бірліктен артық емес) мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге қорытынды беру туралы өтініш;

2) қару мен оның патрондарын әкелетін елдің және әкететін елдің уәкілетті органдары берген, қару мен оның патрондарын сатып алу құқығын растайтын, мөрмен және өтініш берушінің қолымен расталған өтініш берушінің атына берілген рұқсат құжаты. Егер әкелу елінің немесе әкету елінің заңнамасында қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсат құжаттарын беру көзделмеген жағдайда, қару мен оның патрондарын сатып алудың заңдылығын көрсететін құжаттың көшірмесі ұсынылады. Ұсынылған құжат көшірмелерінде қарудың типі, моделінің түрі, калибрі, сериясы мен нөмірі көрсетіледі;

3) кеден органының "транзит" кедендік режимін белгілеу туралы белгісі бар кеден декларациясының данасы;

4) жеке тұлғаның (өтініш берушінің) жеке басын растайтын құжат;

5) қаруды әкету елінің уәкілетті органы берген қару мен оның патрондарын әкетуге арналған рұқсаттың болуы туралы құжат;

6) қаруды әкелу елінің уәкілетті органы берген қару мен оның патрондарын әкелуге арналған рұқсаттың болуы туралы құжат;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты немесе сақтандыру полисі.

2), 3), 5), 6), 7) тармақшаларда көрсетілген құжаттар Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіліндегі немесе орыс тіліндегі ресми аудармасымен қоса, сондай-ақ 7) тармақшада көрсетілген құжаттарды қоспағанда, нотариалды куәландырылған көшірмелері ұсынылады.

Үшінші тұлғалардың азаматтық қарудың бірлі-жарым даналары (екі бірліктен артық емес) мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуі осы Ереженің 115-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

115. Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге қорытындыны ресімдеу кезінде:

1) азаматтық және қызметтік қаруды, олардың негізгі (құрама) бөлшектері мен патрондарын Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге қорытынды беру туралы өтініш;

2) мөрмен және өтініш берушінің қолымен куәландырылған, сыртқы сауда мәмілесіне қатысушылар арасындағы иеліктен шығару құжаты;

3) мөрмен және өтінім берушінің қолымен куәландырылған, қаруды жасаушы елден экспорттауды жүзеге асыратын заңды тұлға мен қару жасаушы немесе қаруды сатып алушы елге импорттауды жүзеге асыратын заңды тұлға мен қаруды сатып алушы арасындағы шарт;

4) кеден органының "транзит" кеден режимін белгілеу туралы белгісі бар кеден декларациясының данасы;

5) қарудың түрлерін, типтерін, модельдерін, калибрлері мен нөмірлерін, сондай-ақ патрондардың типтері, калибрлері, дайындау партиялары мен саны туралы мәліметтер көрсетілген кеден органы растаған тасымалданатын қаруды нөмірлік есепке алу тізімі;

6) заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжат;

7) экспорттаушы елдің уәкілетті органы берген өнімді әкетуге арналған рұқсаттың болуы туралы құжат;

8) өнім транзитіне байланысты өтініш беруші мемлекеттің заңнамасына сәйкес қызметті жүзеге асыру құқығын растайтын құжат;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарты немесе сақтандыру полисі;

10) өтініш берушінің транзитпен тасымалданатын өнімнің жеке қорғалуын жүзеге асыруды қамтамасыз ететінін растайтын құжат және жеке қорғауды жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлғалардың күзет қызметін жүзеге асыру құқығын растайтын құжат;

11) оған қатысы жоқ себептер бойынша жүк қабылдаушыға жүкті беру мүмкін болмаған жағдайда, жүк жөнелтушінің осы жүктерді қайта қабылдауға келісімін растайтын құжат болуы қажет.

2), 3), 4), 5), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларда көрсетілген құжаттар Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіліндегі немесе орыс тіліндегі ресми аудармасымен, сондай-ақ 7) және 9) тармақшаларда көрсетілген құжаттарды қоспағанда, нотариалды куәландырылған көшірмелері ұсынылады.

116. Осы Ереженің 115-тармағында көрсетілген құжаттар консулдық заңдастыру туралы талаптарды сақтай отырып немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес апостиль қойылып ұсынылады.

117. Әкелінетін (әкетілетін) қару кеден пунктінде бір-бірлеп тексеріледі. Ол туралы деректер әкелінетін (әкетілетін) қару мен патрондарды есепке алу журналына енгізіледі және жинақталған мәліметтер ай сайын Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне ұсынылады.

Ескертпе. Әкелінетін (әкетілетін) патрондар туралы деректер журналға: жарақталған патрондар саны бойынша, ал оқ-дәрілер салмағы бойынша енгізіледі .

## 19. Шетелдік құқық қорғау органдарының арнаулы қызметтері мен әскерилендірілген ұйымдары қызметкерлерінің жауынгерлік қол атыс қаруын Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасынан әкету тәртібі

118. Жауынгерлік және жедел қызметтік міндеттерді шешу үшін жауынгерлік қол атыс қаруы мен суық қарудың бірлі жарым даналарын Қазақстан Республикасынан әкетуді және Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдары мен олардың бөлімшелерінің (бұдан әрі - Қарулы Күштер, басқа әскерлер мен әскери құралымдар, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, өртке қарсы қызмет органдарын қоспағанда) әскери қызметшілері және қызметкерлері қаруды алып жүру құқығын растайтын құжат пен әкетілетін (әкелінетін) қару жазылған іссапар куәлігінің негізінде жүзеге асырылады. Көрсетілген құжат іссапар куәлігінің көшірмесімен бірге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пунктінде орналасқан кеден органына ұсынылады. Іссапар куәлігінің көшірмесін кеден органының қызметкері түпнұсқасымен салыстырғаннан кейін нөмірлік мөр басу арқылы куәландырады және ол әкетілетін (әкелінетін) қаруды кедендік ресімдеуді жүзеге асырған кеден органының ісінде қалады.

Ескерту. 118-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.11.14 № 1198 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа кейін енгізіледі) қаулысымен.

119. Өртке қарсы қызмет органдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасына шақыру бойынша немесе қызметтік тапсырмаларды орындауына байланысты келген шетелдік құқық қорғау органдары, арнаулы қызметтері мен әскерилендірілген ұйымдары қызметкерлерінің жауынгерлік қол атыс қаруын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуі мен Қазақстан Республикасының аумағынан әкету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиті тиісінше Қарулы Күштер, басқа әскерлер мен әскери құралымдар, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары басшыларының жазбаша қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 119-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.11.14 № 1198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа кейін енгізіледі) қаулысымен.

120. Жазбаша қорытындыда шетелдік құқық қорғау органдары, арнаулы қызметтері мен әскерилендірілген ұйымдары қызметкерлерінің тегі, аты, әкесінің аты, қарудың түрі (маркасы), нөмірі және калибрі, әкелінетін қарудың әрбір бірлігіне арналған оқ-дәрілердің саны көрсетіледі. Өртке қарсы қызмет органдарын қоспағанда, жазбаша қорытындыға тиісінше Қарулы Күштердің, басқа әскерлер мен әскери құралымдардың, арнаулы мемлекеттік органдардың басшысы немесе оның орнындағы адам қол қояды.

Ескерту. 120-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.11.14 № 1198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа кейін енгізіледі) қаулысымен.

121. Жазбаша қорытынды және оның көшірмесін қабылдаушы тараптың өкілі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пунктінде орналасқан кеден және шекара органына ұсынады және кеден және шекара органының қызметкері мөр басу арқылы куәландырады, жазбаша қорытындының көшірмесі әкелінетін қаруды ресімдеуді жүзеге асыратын кеден және шекара органының ісінде қалады.

Қаруды Қазақстан Республикасына әкелу кезінде кеден және шекара органы растаған жазбаша қорытындының түпнұсқасы қаруды әкету кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пунктінде орналасқан кеден және шекара органына ұсынылады және оның ісінде қалады.

Ескертпе: Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде Кеден одағына мүше мемлекеттермен мемлекеттік шекарада қару мен оның патрондарын әкелу және/немесе әкету жағдайында ресімдеу тек қана шекара органында жүргізіледі.

Ескерту. 121-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.11.2013 № 1231 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

122. Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген қару Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

123. Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген қаруды сақтау, алып жүру және пайдалану тәртібін бақылауды Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдары мен олардың бөлімшелері жүзеге асырады.

## 20. Атыс тирлері (атыс орындары) мен стенділерін ашу және олардың жұмыс істеу тәртібі

Ескерту. 20-бөлім алып тасталды - ҚР Үкіметінің 04.02.2016 № 53 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасындағы
қару мен оның патрондары
айналымының ережесіне
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.04.05. N 407 қаулысымен.

Қазақстан Республикасындағы
қару мен оның патрондары
айналымының ережесіне
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда- ҚР Үкіметінің 2003.11.11. N 1127, 2007.12.29. N 1370 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

## Қазақстан Республикасының аумағында инкассацияны жүзеге асыратын ұйымдардың қызметкерлерін қаруландыру үшін белгіленген қару мен оның патрондарының түрлері, үлгілері, модельдері, саны

Қару:
1. Ақшалай түсімдерді инкасса. Әрбір инкассаторға 1
циялау мен құндылықтарды тапанша немесе револьвер
тасымалдауды жүзеге асыратын Инкассаторлар бригадасына
инкассация қызметінің қызмет. (3-5 адам) 1 винтовка
керлері (инкассаторлар) немесе карабин немесе
жекелей атуға қайта
жасалған автомат немесе
инкассаторлар командасына
(10-15 адам) 6 винтовка
немесе карабин немесе
жекелей атуға қайта

жасалған автомат
2. Инкассация қызметінің ақшалай Әрбір жүргізушіге 1 тапан.
түсімдерді инкассациялау мен ша немесе револьвер
құндылықтарды тасымалдауға
арналған арнайы автомобиль.
дерінің жүргізушілері
3. Қару резерві Әрбір 10 бірлік қаруға
1 бірлік
Оқ-дәрілер:

___________________________________________________________________________
—
| | Патрондардың саны (дана)
Р/с| Қарудың |__________________________________________________
N | атауы |инкассаторлар, |қару | жылдық шығын:
| |инкассациялауға|бірлігінің|____________________
| |жарақталған |азаймайтын|бір адамға|қару
| |арнайы авто. |қоры |практика. |бірлігіне
| |мобильдердің | |лық атыс. |атылыс
| |жүргізушілері | |тар үшін |тексеруі
| | | | |үшін

___________________________________________________________________________
—
1 Жекелей
атуға қайта
жасалған 30 60 120 8
автомат (1 оқжатарда)
2 Винтовка, 15 30 120 8
карабин (оқтізерлерде)
3 Тапанша 16 32 96 8
(2 оқжатарда)
4 Револьвер 14 28 72 8
(қорапта)

___________________________________________________________________________
—

Ескерту. Қарудың атылысын тексеруге арналған оқ-дәрілерді басқа мақсаттарға жұмсауға тыйым салынады.

Қазақстан Республикасындағы
қару мен оның патрондары
айналымының ережесіне
3-қосымша

**Қазақстан Республикасының екінші дәрежелі банктері мекемелерінің қызметкерлерін қаруландыру үшін белгіленген қару мен оның патрондарының түрлері, үлгілері, модельдері және саны**

Ескерту. 3-қосымша алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 751 ( 2012.01.22 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасындағы
қару мен оның патрондары
айналымының ережесіне
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.11.14 № 1198 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа кейін енгізіледі) қаулысымен.

**Жеке күзет ұйымдарының күзетшілері пайдаланатын қызметтік қарудың және оларға патрондардың түрлері, үлгілері, модельдері және саны**

1. Жеке күзет ұйымдарының күзетшілері бір бекетке 2 бірлік қарудан аспайтын есеппен қаруланады.

2. Сыртқы бекеттегі күзетші, сондай-ақ жылдам қимылдайтын ұтқыр топтың құрамындағы күзетші (жүргізуші-күзетшіні қоспағанда) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган қолдануға рұқсат берген жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар азаматтық ұңғысыз атыс қаруымен, газды қарумен немесе электр қаруымен немесе ұзын тегіс ұңғылы қарумен қарулана алады.

3. Ауысым тобының аға күзетшісі, жылдам қимылдайтын ұтқыр топтың аға күзетшісі, ішкі бекеттегі күзетші, жылдам қимылдайтын ұтқыр топтың құрамындағы жүргізуші-күзетші, сондай-ақ жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын күзетуді жүзеге асыратын күзетші денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган қолдануға рұқсат берген жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар азаматтық ұңғысыз атыс қаруымен, газды қарумен немесе электр қаруымен немесе ұзын тегіс ұңғылы қарумен қарулана алады.

4. Күзеттің барлық түрі үшін қару резерві - қаруланудағы әр 10 бірлікке 1 бірлік қару.

5. Объектіні күзетуге түсетін күзетшілерге:

1) тегіс қысқа ұңғылы қарудың, жарақат салатын патрондары бар азаматтық ұңғысыз атыс қаруының, газды қарудың әр бірлігіне 16 патронға (2 оқжатарға, барабанға) дейін;

2) тегіс ұзын ұңғылы қарудың әр бірлігіне 10 патроннан беріледі;

3) оқу атыстарын өткізу үшін 1 күзетшіге жылына кемінде 12 патрон беріледі.

Тегіс ұңғылы қаруға арналған патрондар № 7 немесе № 8 оқ-дәрімен оқталады, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның нормаларына сәйкес келетін жарақат салатын патрондар қолданылуы мүмкін.

Бағалы металдар мен алмасты, көмірсутек шикізатын өндіруді, сақтауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді қамтамасыз ететін объектілерді, банктерді, электр станцияларын, жылу-электр орталықтарын және электр беру желілерін, жарылғыш, улы және есірткі заттары, радиоактивті материалдар қоймаларын ( сақтау орындарын), мемлекеттік материалдық резервтер қоймаларын (сақтау орындарын), сондай-ақ бағалы және қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде теміржол және әуе көлігін күзету кезінде тегіс ұңғылы қаруға арналған патрондарды № 0; 1 оқ-дәрімен немесе оқпен оқтауға рұқсат етіледі.

Патрондардың азаймайтын қоры:

1) тегіс қысқа ұңғылы, жарақат салатын патрондары бар азаматтық ұңғысыз атыс қаруының, газды қарудың бір бірлігіне - 16 патрон;

2) тегіс ұзын ұңғылы атыс қаруының бір бірлігіне - 10 патрон.

Қазақстан Республикасындағы
қару мен оның патрондары
айналымының ережесіне
4-1 қосымша(құпия)

Ескерту. 4-1-қосымша алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 751 ( 2012.01.22 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасындағы
қару мен оның патрондары
айналымының ережесіне
4-2 қосымша(құпия)

Ескерту. 4-2-қосымша алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 751 ( 2012.01.22 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасындағы
қару мен оның патрондары
айналымының ережесіне
5-қосымша

## Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кадрларына енетін, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік құпияларды сақтау жөніндегі қызметінің жеке құрамының қарулануы үшін белгіленген қару мен оның патрондарының түрлері, үлгілері, модельдері және саны

------------------------------------------------------------------------
Қарудың түрі ! Калибрі ! Басшылық құрамының ! Мемлекеттік фельдъегерлік
мен атауы ! ! санына қару бірлі. ! қызмет бөлімшелеріне тиесілі
! ! гінің саны |
-----------------------------------------------------------------------
1 ! 2 ! 3 ! 4
------------------------------------------------------------------------
ҰРЫСҚА АРНАЛҒАН
"Макаров" 9,00 мм 1 адамға 1 дана Қазақстан Республикасының
тапаншасы Мемлекеттік фельдъегерлік
қызметі және оның арнайы
тапсырмалар орындауға
арналған бөлімшелері.
Автомат Қазақстан Республикасының
(КА, ЖМКА) 7,62 мм Мемлекеттік фельдъегерлік
(САТ) 9,00 мм 15 адамға 1 дана қызметі.
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік фельдъегерлік
қызметінің бөлімдері мен
1 бөлімшеге 1 дана бөлімшелері.
ОҚУ Қазақстан Республикасының
"Макаров" Мемлекеттік фельдъегерлік
тапаншасы 9,00 мм 100 адамға 1 дана қызметі.
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік фельдъегерлік
қызметінің бөлімдері мен
1 бөлімшеге 1 дана бөлімшелері.
Автомат Қазақстан Республикасының
(КА, ЖМКА) 7,62 мм Мемлекеттік фельдъегерлік
100 адамға 1 дана қызметі.
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік фельдъегерлік
қызметінің бөлімдері мен
1 бөлімшеге 1 дана бөлімшелері.
СПОРТТЫҚ ШАҒЫН КАЛИБРЛІ
"Марголина" 5,6 мм 50 адамға 1 дана Қазақстан Республикасының
өздігінен Мемлекеттік фельдъегерлік
зарядталатын, қызметі.
спорттық

тапаншасы
Нысаналы шағын 5,6 мм 100 адамға 1 дана Қазақстан Республикасының
калибрлі Мемлекеттік фельдъегерлік
спорттық қызметі.
винтовка Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік фельдъегерлік
қызметінің бөлімдері мен
1 бөлімшеге 1 дана бөлімшелері.

**ОҚ-ДӘРІЛЕРДІҢ НОРМАЛАРЫ**

------------------------------------------------------------------------
Қарудың атауы ! Калибрі ! Қару бірлігінің ! Жылдық норма (дана)
! ! азаймайтын қоры !-------------------------------
! ! (дана) ! 1 адамға ! 1 ұңғыға
! !-----------------!-------------------!------------
! ! Қару. ! Қару !оқу прак.!ату-спорт! атып
! ! дағы ! қойма. !тикасына !іс-шара. ! сынауға
! ! !сындағы ! !ларына !------------------------------------------------------------------------
"Макаров" 9,00 мм 16 8 60 - 4
тапаншасы
"Стечкиннің" 9,00 мм 20 180 20 - 10
автомат-
тапаншасы
"Калашников" 7,62 мм 120 180 20 - 10
автоматы
"Марголина" 5,6 мм - - 10 60 -
өздігінен
зарядталатын
спорттық
тапаншасы
Нысаналы 5,6 мм - - 10 60 -
шағын-калибрлі
спорттық
винтовка

Ескерту. Ату-спорт іс-шараларын өткізуге арналған оқ-дәрілердің жалпы саны фельдъегерлік қызмет бөлімшелерінің басшы құрамы штаттық санының 20% ғана жылдық есептен
бөлінеді.

Қазақстан Республикасындағы

қару мен оның патрондары
айналымының ережесіне
6-қосымша

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 751 ( 2012.01.22 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## "Қазпошта" АҚ - Ұлттық пошта операторының қызметкерлерін қаруландыру үшін белгіленген қару мен оның патрондарының түрлері, үлгілері, модельдері, саны

| Р/с № | "Қазпошта" акционерлік қоғамының қызметкерлері | Қару бірліктерінің саны |
|---|---|---|
| 1 | Арнайы байланыс қызметінің фельдъегері | Әрбір фельдъегерге 1 тапанша, 1 карабин немесе фельдъегерлер бригадасына жекелей атуға қайта жасалған АКС-74У немесе АКМ |
| 2 | Арнайы байланыс қызметінің экспедиторы | 2-3 қызметкерден тұратын уысымға 1 тапанша |
| 3 | Арнайы байланыс қызметінің фельдъегерь-жүргізушісі | әрбір фельдъегерь-жүргізушіге 1 тапанша |
| 4 | Арнайы байланыс бөлімшесінің бастығы | 1 тапанша |
| 5 | Арнайы байланыс қызметі цехының бастығы, бастықтың орынбасары | 1 тапанша |
| 6 | Облыстық, қалалық арнайы байланыс қызметінің бастығы, бастықтың орынбасары | 1 тапанша |
| 7 | Фельдъегерь болмаған және арнайы және өзге де жөнелтімдерді қабылдау, күзету, тасымалдау және жеткізу бойынша міндеттерді орындаған жағдайда қалалық, аудандық, ауылдық пошта байланысы торабының және бөлімшесінің бастығы | 1 тапанша |
| 8 | Арнайы байланыс қызметінің жауапты кезекшісі, жауапты кезекшінің көмекшісі | 1 тапанша |
| 9 | Касса торабының, кассалық үй-жайлардың кезекшісі | 1 тапанша |
| 10 | Ақшалай түсімдерді, инкассациялау мен бағалы заттарды тасымалдауды жүзеге асыратын инкассация қызметінің қызметкерлері (инкассаторлар) | әрбір инкассаторға 1 тапанша, 1 карабин немесе кемінде 3 адамнан тұратын инкосаторлар бригадасына жекелей атуға қайта жасалған АКС-74У немесе АКМ |
| 11 | Ақшалай түсімдерді инкассациялау мен бағалы заттарды тасымалдауға арналған инкассация қызметінің арнайы автомобильдерінің жүргізушілері | әрбір жүргізушіге 1 тапанша |

## Оқ-дәрілер:

| | | Патрондардың саны (дана) | | |
|---|---|---|---|---|

| Р/с № | Қарудың атауы | Постқа, ілесіп жүруге, инкассациялауға жарақталған | Қару бірлігінің азаймайтын қоры | Бір жылдық шығын: | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Бір адамға практикалық атуға | Қару бірлігіне атылыс тексеруі үшін |
| | Жекелей атуға қайта жасалған АКС-74У, АКМ | 30 (1 оқжатарда) | 60 | 120 | 8 |
| | Карабин | 15 (1 оқжатарда) | 30 | 120 | 8 |
| | Тапанша | 16 (екі оқжатарда) | 32 | 96 | 8 |

Ескертпе:

Қарудың жалпы саны бекітілген штаттық кестеге сәйкес қызметкерлердің жалпы санынан аспауы тиіс, бұл ретте қарудың бір түрінің 10 бірлігіне бір резервтік қару ұстауға рұқсат етіледі.

Қалалық, аудандық және ауылдық пошта байланысы торабының және бөлімшелерінің бастықтары "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы № 1176 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы қару мен оның патрондары айналымының ережесінің 7-9, 11 -тармақтарында көзделген қарудың сақталуын қамтамасыз ететін талаптарды сақтаған жағдайда қаруланады.

Қазақстан Республикасындағы
қару мен оның патрондары
айналымының ережесіне
7-қосымша

Ескерту. 7-қосымша алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 751 ( 2012.01.22 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасындағы
қару мен оның патрондары
айналымының ережесіне
7-1-қосымша

Ескерту. 7-1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 751 ( 2012.01.22 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.05.2017 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

## Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі жүйесінің мемлекеттік инспекторлары мен қызметкерлерін қаруландыру үшін белгіленген қару мен оның патрондарының түрлері, үлгілері, модельдері, саны

Ескерту. 7-1-қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.04.2014 № 363 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2014.11.14 № 1198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа кейін енгізіледі) қаулыларымен.

| Р/с № | Лауазымы | Тапанша | Карабин |
|---|---|---|---|
| 1 | Жануарлар дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор | 1 | немесе 1 |
| 2 | Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор | 1 | немесе 1 |
| 3 | Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің қарамағындағы мамандандырылған ұйымдардың жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі инспекторы | 1 | немесе 1 |
| 4 | Орманды қорғауды тікелей жүзеге асыратын мемлекеттік орман инспекциясының және орманды мемлекеттік қорғау қызметкерлері | 1 | немесе 1 |

## Оқ-дәрілердің нормалары мынадай есеппен белгіленеді:

| Р/с № | Қарудың атауы | Патрондардың саны (дана) | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ауысымға жарақталған қызметкер | бірлікке азаймайтын қор | жылдық шығын: | |
| | | | | бір адамға практикалық атыс үшін | қару бірлігіне атылыс тексеруі |
| 1 | тапанша | 16 (2 оқжатарда) | 24 | 8 | 4 |
| 2 | карабин | 15 патрон (қорапта) | 30 | 10 | 5 |

Ескертпе:

Қарудың жалпы саны бекітілген штаттық кестеге сәйкес жұмыскерлердің жалпы санынан аспауы тиіс, бұл ретте 10 бірлік қаруға бір резервтік қару ұстауға рұқсат етіледі.

Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор – Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің аумақтық бөлімшесі мен ведомстволық бағынысты ұйымдарының жануарлар дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын қызметкері.

Мамандандырылған ұйымның жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі инспекторы – Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен құрылған және Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің қарамағындағы мамандандырылған ұйымның жануарлар дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын қызметкері.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор – мемлекеттік табиғи қорықтың, мемлекеттік ұлттық табиғи парктің, мемлекеттік табиғи резерваттың, мемлекеттік өңірлік табиғи парктің жануарлар

мен өсімдіктер дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын қызметкері (орманды күзету және қорғау инженері, орманшы, орман шебері, орман күтуші, мемлекеттік инспектор (қорықшы), аңшылық маман).

Мемлекеттік орман инспекциясының және орманды мемлекеттік қорғау қызметкері – Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің аумақтық бөлімшесінің өсімдіктер дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын қызметкері (орманды күзету және қорғау инженері, орманшы, орман шебері, орман күтуші, мемлекеттік инспектор (қорықшы), аңшылық маман).

Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор, мамандандырылған ұйымның жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі инспекторы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор, мемлекеттік орман инспекциясының және орманды мемлекеттік қорғау қызметкері "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы № 1176 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы қару мен оның патрондары айналымы ережесінің 7-9, 11, 15-тармақтарында көзделген қаруды сақтауды қамтамасыз ету талаптары сақталған жағдайда, қызметтік қарумен қаруланады.

Қазақстан Республикасындағы
қару мен оның патрондары
айналымының ережесіне
7-2-қосымша

Ескерту. 7-2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 751 (2012.01.22 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.05.2017 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

## Облыстық атқарушы органдардың орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерінің қызметкерлерін қаруландыру үшін белгіленген қару мен оның патрондарының түрлері, үлгілері, модельдері, саны

| Р/с № | Лауазымы | Тапанша | Карабин |
|---|---|---|---|
| 1 | Облыстық атқарушы органның орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесінің қызметкері | 1 | немесе 1 |

## Оқ-дәрілердің нормалары мынадай есеппен белгіленеді:

| | | Патрондардың саны (дана) | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жылдық шығын: | |
| | | | | | |

| Р/с № | Қарудың атауы | ауысымға жарақталған қызметкер | бірлікке азаймайтын қор | бір адамға практикалық атыс үшін | қару бірлігіне атылыс тексеруі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | тапанша | 16 (2 оқжатарда) | 24 | 8 | 4 |
| 2 | карабин | 15 патрон (қорапта) | 30 | 10 | 5 |

## Заңнамада белгіленген тәртіппен аңшылық және балық аулау шаруалығын жүргізу құқығы берілген аңшылық және балық шаруашылықтарының қызметкерлерін қаруландыру үшін белгіленген қару мен оның патрондарының түрлері, үлгілері, модельдері, саны

| Р/с № | Лауазымы | Қарудың түрлері |
|---|---|---|
| | | Тегіс ұңғылы ұзын ұңғылы қару ( бірлік) |
| 1 | Аңшылық және балық шаруашылығының аңшылық маманы, қорықшысы | 1 |

## Аңшылық және балық шаруашылығының аңшылық маманына арналған оқ-дәрілердің нормалары мынадай есеппен белгіленеді:

| Р/с № | Қарудың атауы | Патрондардың саны (дана) | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ауысымға жарақталған қызметкер | бірлікке азаймайтын қор | жылдық шығын: | |
| | | | | бір адамға практикалық атыс үшін | қару бірлігіне атылыс тексеруі |
| 1 | Тегіс ұңғылы ұзын ұңғылы қару | 15 патрон | 60 | 10 | 8 |

Ескертпе:

Қарудың жалпы саны бекітілген штаттық кестеге сәйкес қызметкерлердің жалпы санынан аспауы тиіс.

